

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ҰЛТТЫҚ ДАМУ
ЖОСПАРЫ

3

Дереккөз: zakon.kz

ТҮРКСОЙ



ТҮРІК ӘЛЕМІНІҢ
«ЕҢ ҮЗДІК
МУЗЕЙІ»

8

МӘСЕЛЕ



ТОЙ РЕФОРМАСЫ

той мәдениетін
қалыптастырудан
басталады

9

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty
AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №65 (6516) 16 тамыз, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

12+



ПРЕЗИДЕНТ

КӨЛЕҢКЕЛІ ЭКОНОМИКАМЕН КҮРЕС
шаралары күшейтіледі



Ақордада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері және Үкіметтің орта-мерзімді кезеңге арналған болжамдары қарастырылған кеңес өтті.

Жиынға Премьер-Министр Олжас Бектенов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Айбек Дәдебай, Ұлттық Банк төрағасы, Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы, Үкімет мүшелері және басқа да лауазымды тұлғалар қатысты.

Президентке негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, республикалық бюджеттің биылғы 7 айдағы орындалуы және 2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасындағы макроэкономикалық параметрлер жөнінде баяндалды.

Үкімет келесі жылы экономика 5,6 пайыз деңгейінде өсім көрсетеді, ал инфляция 5,5–7,5 пайызға дейін төмендейді деп болжам жасап отыр.

Мемлекет басшысы Үкіметке макроэкономикалық көрсеткіштерді болжау және мемлекеттік бюджет сапасын арттыру, орталықтағы және жергілікті деңгейдегі мемлекеттік шығындарды басымдығына қарай реттеудің нақты механизмін енгізу, сондай-ақ көлеңкелі экономикамен күрес шараларын күшейту туралы міндет жүктеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).

ПЕДАГОГИКА

ТАМЫЗ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ –
2024

Еліміздің өңірлерінде білім беру қызметкерлерінің Тамыз кенесінің өңірлік секциялық отырыстары басталды. Бүгін Республика сарайында да алматылық ұстаздар өздерінің дәстүрлі педагогикалық Тамыз конференциясында бас қосады. Оның жұмысына 2500 педагог, сондай-ақ білім беру саласындағы қазақстандық және шетелдік сарапшылар қатысады.

Іс-шара педагогикалық қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыруға, білім беру саласындағы тәжірибелермен, жаңа технологиялармен алмасуға бағытталған.

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз орталығы хабарлағандай, негізгі республикалық іс-шара 21 тамызға жоспарланған. Республикалық алқалы жиын тұңғыш рет халықаралық саммит форматында өтпек. Оған онлайн-режимде 500 мыңнан астам педагогтар қатысуға мүмкіндік алады, сондай-ақ білім саласындағы халықаралық сарапшылар қатыспақ.

Биылғы жылғы саммит «Digital Kazakhstan: жаңа замандағы білім беру» тақырыбы аясында цифрландыру мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасына арналған.

Рая ЕСКЕНДІР.

САРАПТАМА

ЖАҢАНДЫҚ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ

Бұл ғаламдық бәсекедегі еліміздің әлеуеті қандай?



Алматы қаласы тек отандық студенттер үшін ғана емес, сонымен қатар шетелдік тәлімгерлер үшін сапалы білім алудың символына айналып отыр. Мың жылдық тарихы бар шаһарымыздың студенттердің қызығушылығына ие болуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, тек елімізде ғана емес, халықаралық рейтингтерде жоғары орындардан көрініп келген жоғары оқу орындарының басым бөлігі Алматы қаласында орналасқан. Жағымды климат пен түрлі мәдениет, ұлт пен ұлыс өкілдерінің байланысы шетелдік студенттер үшін таңдау жасауда негізгі себеп болып отыр.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

16.08.2024

Түнде:
 +20+25 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:
 +32+37 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы:
2-7, найзағай кезінде екпіні 13м/с

17.08.2024

Түнде:
 +20+25 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Күндіз:
 +33+35 °C
Көшпелі бұлтты,
өткінші жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

ЖАҢАНДЫҚ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ

Бұл ғаламдық бәсекедегі еліміздің әлеуеті қандай?

XX ғасырдың соңғы ширегінде жаһандық экономиканың әлеуеті табиғи ресурстардың тиімді игерілуімен анықталса, бүгінде ғылым мен білім саласы технологияның басты қозғаушы күші ғана емес, сонымен қатар экономиканың әлеуетті секторына айналды. Білім мен ғылым саласы ауқымды экономикалық нарық ретінде қалыптасып, бәсекелестік артып отыр. Соңғы зерттеулерге сәйкес, жаһандық білім беру экономикасы нарығы 740 миллиард АҚШ долларынан асты. Алдыңғы орындарда Солтүстік Америка мен Батыс Еуропа елдері болса, тізімді Азиялық барыстар жалғастырып отыр. Әлемнің озық оқу орындары тізіміне Азия елдерінен бірнеше жоғары оқу орындары мен зерттеу орталықтары енген. Қазақстан, Орталық Азияда ғана емес, тұтас Үндістан, Жапония, ҚХР, РФ және т.б. елдер үшін кәсіби маман болуда білім алатын бірден-бір арман елге айналды. Алматы қаласы азиялық студенттер үшін арман қала десек, артық айтқандық емес. Мақаламызда еліміздің жаһандық білім мен ғылым нарығы бәсекесіндегі әлеуетін талдап көрелік.

индустрияға айналып отырған жоғары білім беру саласы халықтар арасында мәдени көпір қалыптастыратын бағдарға айналып отыр.

Алматыда әрбір үшінші студент шетелден келіп білім алады

Ұлттық статистика бюросының дерегінше, мемлекеттік меншіктегі ЖОО-лардың жиынтық табысы 2022 жылы 3 триллион 724,9 млрд теңгені құрапты. Алайда, нарықтың енді қалыптасып жатқанын ескерсек, аймақтық интеграциялық жобалар есебінен алдағы уақытта бұл соманың еселеп өсе түсетіні айқын. Мәселен, былтыр қазақстандық ЖОО-лар шетелдік шәкірттерді оқытудан 486,9 млн теңге табыс тауып, 2021 жылмен салыстырғанда, 22,2%-ға көбейген. Жеке-меншік оқу орындары 2022 жылы 230,3 миллиард теңге табыс тапты. Бұл сомалар білім беру ордаларының жылдық табысы.

Алматы қаласы тек отандық студенттер үшін ғана емес, сонымен қатар шетелдік тәлімгерлер үшін сапалы білім алудың символына айналып отыр. Мың жылдық тарихы бар шаһарымыздың студенттердің қызығушылығына ие болуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, тек елімізде ғана емес, халықаралық рейтингтерде жоғары орындардан көрініп келген жоғары оқу орындарының басым бөлігі Алматы қаласында орналасқан. Жағымды климат пен түрлі мәдениет, ұлт пен ұлыс өкілдерінің байланысы шетелдік студенттер үшін таңдау жасауда негізгі себеп болып отыр.

Екінші бір бағыт – бүгінгі таңда жоғары оқу орындары арасында интернационалдану процесі белсенді жүруде. Яғни еліміздің жоғары оқу орындары шетелдің текешкі жоғары оқу орындарымен халықаралық келісім-шарттар жасап, халықаралық жобаларға қатысып, шетелдік ғалымдарды жұмысқа шақырып, бірлескен және қос дипломдық білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда. Бағдарлама шеңберінде қазақстандық жоғары оқу орындары әлемнің 13 еліндегі 31 университетпен серіктестік байланыстар орнатты. 2012 жылдан бастап Қазақстандағы жоғары оқу орындарында үш тілді оқыту (көптілділік) және ағылшын тіліндегі білім беру бағдарламалары белсенді енгізілген.

Басты мақсаты – білім беру бағдарламасын қос дипломды форматта қалыптастырып, студенттердің білім алуын екі жоғары оқу орны арасындағы бағдарламаға кіріктіру. Қазақстанның Орталық Азиядағы білім беру хабы ретінде дамуы шетелдік азаматтардың жоғары білімге қолжетімділігін ынталан-дырып отыр.



Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.

• Жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болу үшін алымды шығынды қажет ететін жобалар бар. Бұл тұрғыда ескеретін маңызды бағыттың бірі – әрбір шетелдік студент жоғары білім беру ордасын таңдағанда тек білім сапасы мен оқыту бағдарламасы құрылымына қарап таңдамай, сонымен бірге жоғары оқу орны орналасқан мегаполиске, қауіпсіздігі мен жергілікті климатына баса назар аударады. Бұл тұрғыда Алматы қаласы, шетелдік студенттер үшін кәсіби білім алып, маман болып қалыптасуда маңызды рөл атқаратын арман қалаға айналды.

«Қоғамдық дипломатия» негізі

Білім беру саласын дамыту арқылы жоғары білімді «экспорттау процесі» отандық мәдениет пен құндылықтар жүйесін жаһандық деңгейде насихаттаудың төте жолы. Халықаралық білім көші-қоны бойынша ЮНЕСКО ұйымының зерттеуіне сәйкес, елімізден 84 мыңнан аса шәкірт шетелде білім алуда. Басым бөлігі түрлі бағдарламалар негізінде Еуропа мен Америка жоғары оқу орындарында білім алады. Сонымен қатар, қазіргі таңда елімізде жалпы студенттер санының 5%-ын (30 000-нан аса) шетел азаматтары құрайды. Аталған көрсеткішті 2030

жылға дейін 10%-ға жеткізу жоспарланған. Бұл межені бағындыруға еліміздің ғылым және жоғары білім беру саласының әлеуеті толық жетеді. Себебі, 2023–2025 жылғы ғылым саласының жалпы бюджеті 3,5 есе өсіп, 643 млрд теңгені құрады. Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру аясында ғалымдардың мәртебесін көтеру және кадрлық әлеуетті нығайту бойынша жұмыстар жүргізілді. Ғалымдардың жалақысы 2 есе өсті. Орташа жалақы – 257 мың теңге, ең жоғарысы 1,5 млн теңгеге дейін өскен.

Сонымен, отандық білім беру ұйымдары халықаралық стандартқа толық сай келіп, елімізді Азия аймағындағы білім беру хабына айналдыруға негіз қалыптасып отыр. Әдетте, азаматтардың өз елінен тыс аймақта білім алуымен қатар, өзге елдің мәдениеті мен ұстанымдарын ойына сіңіретін құндылықтар қалыптасатынын да естен шығармауымыз керек. Әрбір шетелде білім алған азамат тек білім алып қана емес, сонымен қатар тәжірибе, көзқарас көкжиегін кеңейтуімен де ерекшеленбек. Сондықтан бүгінгі таңда ауқымды

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің мұрындық болуымен Алматы қаласындағы бірқатар ЖОО-ның жатақханалары мен Студенттер үйлеріне баспасөз туры ұйымдастырылып, олардың жаңа оқу жылына дайындығына мониторинг жүргізілді. Баспасөз турына қоғам белсенділері, БАҚ өкілдері және белсенді жастар қатысты.

СТУДЕНТТЕРГЕ ОРЫН БАР

Алматы
жатақханаларына
мониторинг
жүргізілді



Суретті түсірген Самат ҚұсАйыНОВ.



Ернұр
РЫСБАЙ

Биыл жатақханада орын тапшылығы азаяды деп күтілуде. Себебі, бұл ретте жекеменшік секторлар белсенділік танытуда. Сонымен қатар, университеттер мен инвесторлар бірлесіп жатақханалар салуда.

«Былыр Алматы қаласында 11640 орын тапшы болған. Биылғы болжам бойынша 8000 орынға дейін азаюы мүмкін. Қазірдің өзінде көптеген жатақхана ағымдағы жөндеу жұмыстарынан өтті. Әзірге нақты қанша орын тапшылығы болатыны белгісіз. Себебі, жоғары оқу орындарына құжат қабылдау біткен жоқ», – деді ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің төраға орынбасары Акерке Абылайханқызы.

Шаһарымызда заманауи стандарттарға сәйкес бой көтерген жатақханалар аз емес. Солардың бірі – Қазақ–Британ техникалық университетінің «KBTU Jastar city» жатақхана-сы.

«Қазіргі уақытта жатақханаларымызда 1630 орын бар. Оның 3-ші және 4-ші блогы жаңадан салынған. Бұл жерде студенттерге барлық жағдай бар. Бізде мүмкіндігі шектеулі студенттерге арналған арнайы бөлмелер де бар. Сонымен қатар, дәрігер бөлмесі, асхана, сабақ оқуға арналған және кір жуатын бөлмелер бар. Біздің университетте ешқандай орын тапшылығы жоқ. Биыл халықаралық IT университетіне келісім-шарт бойынша жатақханадан 100 орын беріп отырымыз», – дейді «KBTU Jastar city» жатақханасының директоры Дулат Қасымов.

Бүгінде қаламыздағы жатақханалардың көбі өткен ғасырдың 60–70-жылдары салынған. Бұлардың қатарында ҚазҰУ-нің жатақханалары да бар. Бұған дейін әлеуметтік желіде қызу талқыға түскен ескі жатақханалары қазір толықтай

жөндеуден өтіп жатыр. Жаңа оқу жылына дайындық жайында ҚазҰУ-нің әлеуметтік даму мәселелері жөніндегі проректоры Сәбит Суатай тілге тиек етті.

«Қазір ҚазҰУ-не қарасты 15 жатақхана бар. Оның ішінде ең ескісінің салынғанына бүгінде 70 жыл болған. Әлеуметтік желіде талқыға түскен 1, 6 және 9-жатақханалар қазір толықтай жөндеуден өтіп жатыр. Қазір жұмыстардың 70%-ы атқарылды. Аптаның соңына дейін жөндеу жұмыстары аяқталады. Содан кейін қауіпсіздік дабылдары толықтай жаңартылды. Жаңа оқу жылында студенттерді қабылдауға дайынбыз», – дейді С.Суатай.

Дегенмен, шаһарымызда әлі де жатақхана тапшылығы болары анық. Алайда, осы орайда студенттердің қалтасынан салмақ салмайтын жекеменшік секторлар туралы да айта кетсек. Мәселен, «House of students» хостелі бірнеше жылдан бері жоғары оқу орындарына көмек беруде.

«Бұл салаға 2017 жылы келдім. Бұған дейін қарапайым хостелдер жұмысымен айналыстым. Алайда, студенттермен жұмыс істеу тиімдірек болды. Қазір бізге студенттер үшін хостел ақысын төлейтін университеттер бар. Біздегі мәселе – ғимаратымыз ортақ. Яғни бұл жерде бізден басқа да бизнес, медициналық және т.б. орталықтар бар. Жалпы, хостелдің сыйымдылығы 600 адам», – дейді жеке кәсіпкер Аян Күшербаев.

Тақырыпқа орай айта кетсек, жатақханаға орналасып үлгермеген студенттер үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету жөніндегі Алматы қаласы бойынша дағдарыс орталығы жұмыс істейді. Ол жерді барар жер таппай қалған студенттер уақытша паналай алады. Сонымен қатар, жатақхана кезегіне тұру үшін әр университетке онлайн-өтініш беретін мүмкіндігі бар.



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ҰЛТТЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ

Мемлекет дамуының ең негізгі шарты – заң үстемдігін орнату

Сонымен, ел Президенті 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарын бекітті. Бұған дейін 2025 жылға дейінгі даму жоспары қабылданған болатын. Ол 2018 жылы бекітілді. Қазіргі жоспар алдыңғысы секілді ауқымды. Алайда, артықшылықтары бар.


Әлеуметтік сала – басты назарда

Тәуелсіз Қазақстанның тарихында бірнеше стратегиялық құжаттар мен бағдарламалар, жоспарлар болған. 2030, 2050 жылға дейінгі стратегиялық құжаттар, 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары және тағы басқалар. Алғашқы екеуі ұзақ мерзімді перспективаға арналған. Қазір саяси билік ұзақ мерзімді жоспарлаудан бас тартқан. Себебі, заман тез өзгеруде. Бүгін қабылдаған құжат 10 жылдан кейін жарамсыз болып қалады. Орта және қысқа уақытқа арналған жоспар жүзеге асатын болса жемісін береді. Сондықтан үкімет 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарын әзірледі.

Бұған дейінгі ұлттық даму жоспары 2018 жылы қабылданып 2025 жылға дейін жоспарланған. Алайда, қоғамдық-саяси жағдайға, азаматтардың талап-тілектеріне байланысты жаңа құжатты қабылдау қажет болды. Егер екі құжатты салыстырар болсақ, қазіргі жоспарда салалық кемшіліктер ашық жазылғанын көреміз. Сонымен қатар, екеуінде де әлеуметтік салаға аса назар аударылғанын көруге болады.

Алдыңғы құжатта 10 басымдық айқындалып, сол бағыттарда жұмыс істеу керек еді. Атап өтер болсақ, әділ әлеуметтік саясат, қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі, сапалы білім, азаматтардың мүдделерін қорғайтын әділ және тиімді мемлекет, мемлекеттік басқарудың жаңа моделі, патриотизм құндылықтарын дәрiптeу, ұлттық қауiпсiздiктi нығайту, әртараптандырылған және инновациялық экономика құру, экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді дамыту, сондай-ақ теңгерімді аумақтық даму. Оның алғашқы үшеуі әлеуметтік салаға тиесілі.

2029 жылға дейінгі жоспарда да басты міндет халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту. Ерекшелігі – құжатта өмір сүруге қолайлы жайлы орта қалыптастыру мәселесі көтеріл-



(Дереккөз: zakon.kz).

ген. Бұл бақылаусыз урбанизация үдерісі, кейбір аймақтардағы халық өсімінің азаюы мен көшуі мәселелері. Осы орайда 2029 жылға дейін ішкі миграцияны тұрақтандыру, өңірлердегі қалаларға мән беру, ірі мегаполистерде өмір сапасын жақсарту, апаттық үйлерді жанартуды жүзеге асыру жоспарланған.

Экономиканы әртараптандыруға маңыз берілмек

Жоспардың тағы бір ерекшелігі минералды-шикізат базасын экономикамыздың берік іргетасы екенін мойындаған. Ол мұнай-газ, металдар және басқа да пайдалы қазбалар экспортынан түскен пайда бюджеттің негізгі табыс көзі деген сөз.

Әдетте сарапшылар мұнай-газ экспортына тәуелділікті сынайды. «Мұнай қарғысы» ұғымын жиі қолданады. Алайда, Норвегияның тәжірибесін ескерген жөн. Біз бірден табыстың басқа көздеріне көше алмаймыз. Минералды-шикізаттан түскен табысты экономикалық тұрғыдан әділ қайта бөлу қажет. Соның жарқын мысалы – «Ұлттық қор – балаларға» бастама-сы.

Дегенмен, тек мұнай мен газға, пайдалы қазбаларға қарап отыруға болмайды. Себебі, нарықтық экономика болғасын олардың бағалары құбылып тұрады. Бұдан басқа, геосаяси текетірес кері әсер етуде. Сондықтан ұлттық жоспарда өсудің жаңа нүктелері айқындалды. Оларға:

- көлік-логистика кешені;
- агроөнеркәсіп кешені;
- инновациялар, цифрлық және креативті экономика;
- туризм кіреді.

Бұл салалардың бюджетке кіріс әкелетін мүмкіндігі жоғары. Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстырады. Дәстүрлі аграрлы мемлекет. Жеңіл өнеркәсіпті дамытуға болады. Жастар креативті. Әсіресе, Алматы креативті экономиканың драйвері. Ал туризм қызмет көрсету саласын дамытып, халықтың әл-ауқатын жақсартады. Мұның бәрі ұлттық экономиканы әртараптандыруға әсер етеді.

Сондай-ақ, экономиканы дамыту үшін серпінді кәсіпкерлік орта қалыптастыру мен жаңа инвестициялық циклді қолға алу жоспарланған. Әсіресе, шағын және орта бизнеске мән бермек. Ал ірі кәсіпкерлік субъектілерінің сыртқы нарыққа шығуына жағдай жасау көзделген.

Сот және құқық қорғау органдары реформаланады

Мемлекет дамуының ең негізгі шарты – заң үстемдігін орнату. Дамыған елдердің өзгелерден ерекшелігі де осында. Яғни тәуелсіз сот пен заңның сақталуын қамтамасыз ететін құқық қорғау органдарына деген халықтың сенімі.

Құжатта осы салалардағы сын-қатерлер ашық жазылған. Оларға мемлекеттік қызметтер көрсетудің сервистік моделіне көшудің аяқталмауы, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерінің жетіспеушілігі, сыбайлас жемқорлық көріністері кіреді.

Мұндай кемшіліктерді ескере отырып, жоспарда атқарылуы тиіс мынадай басымдықтар бекітілген:

- Сот төрелігінің сапасын жақсарту және құқық қорғау органдарын реформалауды жалғастыру.
- Мемлекеттік қызметтерді көрсетудің және мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыру.
- Мемлекеттік қызметтің толыққанды гибридті моделіне көшу арқылы мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру. Бұған дейін мансаптық модельге көшу жоспарланған. Алайда, күткен нәтиже берген жоқ.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты одан әрі дамыту.

Мақсат – 2029 жылға қарай Transparency International сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексінің мәнін 40–49 балл диапозонына енгізу.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

ГЕОСАЯСАТ

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ БІРЛІГІ:

Ынтымақтастық, даму және қауіпсіздік талаптары

Астанада өткен Орталық Азия елдері басшыларының кезекті консультативтік кездесуі аймақ болашағын жаңа қырынан елестетуге мүмкіндік берді. Ұзақ уақыттан бері бізді қамтыған бұл геосаяси аймақтың жаһандық қатысуы тым белсенді емес болып келді. Оның әлемдегі рөлі Шығыс пен Батыс арасындағы көпір ретінде ғана қарастырылды. Алайда, соңғы жаһандық жағдайлар және аймақ елдерінің ішкі интеграцияға болған белсенді ұмтылысы дәстүрлі көзқарастарды өзгертетін түрі бар. Астана төріндегі басқосудан біз Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан мен Тәжікстан тараптарының ортақ мақсатқа, ортақ болашаққа деген ұмтылыстарын көре алдық. Осы ретте аймақ елдерінің ортақ мақсаттарды жүзеге асыру мүмкіндіктерін, ынтымақтастық пен дамудың, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің талаптары қандай болуы тиіс деген мәселелерді шындап қарастыруға тура келгендей.



үшін ынтымақтастықты шынайы қолдайтын ұғына аламыз.

Дегенмен, кезекті басқосудың ең маңызды жаңалығы Орталық Азияның имиджі мен бірегейлігі туралы идеяның алға шығуы еді. Бұл жағында Астанадағы отырыс жаңа бір кезеңді жарқын жаққа қарай бұрды деп сенімді айта аламыз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев алға қойған «Орталық Азияның жаңа бейнесі» идеясы мен Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёевтың баяндамасы өзара үндестігін тапқаны тағы мәлім. Айталық, өзбек басшысы Президент Қ.Тоқаевтың «Орталық Азияның Ренессансы: Орнықты даму және өркендеу жолы» атты мақаласына сілтеме жасап, ондағы «Орталық Азияда жалпы аймақтық бірегейліктің қалыптаса бастағаны» тұрасындағы әріптесінің сөзіне арнайы тоқталды. Әрі өз сөзінде интеграция мен серіктесті дамыту үшін Консультативтік кездесу форматын одан әрі жетілдіретін уақыт жеткенін мәлімдеген болатын.

Тараптардың өңірлік интеграцияға және аймақтық бірегейлік пен имиджіне деген ортақ ұмтылысы қазір де анық байқалады. Былайша айтқанда, жаһандық қатысудың жаңа деңгейіне көтеріліп, аймақты ойыншылардың алаңы емес, халықаралық аренадағы дербес ойыншы етуде аймақтағы бес елдің

ұлттық мүддесіне сай келеді. Әрі тараптар бұны ортақ мақсат ретінде қабылдайды.

Ортақ мақсат пен ұлттық мүдде

Аймақ елдерінің интеграциялық қадамдарын сөз еткенде, ескермесе болмайтын маңызды мәселенің бар екенін айта кеткен жөн. Ол болса – әр тараптың ұлттық мүддесі мен егемендік құқығы. Бұл шын мәнінде аса сезімтал мәселе екенін мойындауға тиіспіз. Қазақстан мен Өзбекстан сынды басты жетекшілердің аймақтық бірегейлік, аймақтық имиджі, аймақтық интеграцияға қарай ұмтылыстары Қырғызстан, Түркімен және Тәжікстан сынды елдерді белгілі деңгейде алаңдауы да ғажап емес. Яғни аталған елдер өздерінің ұлттық мүдделерін қамтамасыз етуде қиындықтарға тап болудан алаңдауы мүмкін.

Айталық, осы жолы Түркіменстан президенті Сердар Бердімұхамедов консультативтік кездесулердің мақсаты тұрасында сойлеген сөзінен осындай алаңдаушылықтарды аңдауға болады. Түркімен президенті сөзінде бұндай басқосу «дәстүрге» айналғанын мойындай отырып әрі оның консульта-

тивтік сипаттан айнымауы керектігін баса белгіледі. Яғни «ережелер мен процедураларды қатаң реттейтін саяси коммуникация алаңы болуы керек» деген пікірін білдірді. Бұның өзінен де ынтымақтастықты тереңдету, интеграцияны дамыту бойынша келесі қадамдарда тараптардың әлі де пікір алуандығы бар екені білінеді. Әлбетте, пікір алуандығы қалыпты және ол өңірлік ынтымақтастыққа кедергі келтіретіндей деңгейде емес. Олай дейтініміз, тараптар бұл басқосу аясында «Ынтымақтастықты дамытудың 2040 жылға дейінгі тұжырымдамасына» қол қойды.

Өзара сенім мен түсіністік

Аймақтағы барлық тараптар үшін интеграцияны дамыту тиімді. Бұл аймақтың экономикалық даму және қауіпсіздік талаптарынан туған үрдіс. Бұған дейін бес мәрте өткен консультативтік кездесу бес елдің ортасында жалпы нормативтік негіздерді бекемдеді, ортақ әрекеттесудің басты қағидаларын қалыптастырды. Сонымен бірге, ортақ әрекет ету үшін ең икемді деген, әрі барлық елдің ішкі саясаты үшін сезімтал болып саналмайтын құқықтық базаны да біртіндеп жетілдірді. Міне, осы біртіндеп және байыппен жасалған қадамдар қазіргідей бес тараптың бірдей көзқараста және ортақ бірегейлікке қарай ұмтылысын қалыптастырды.

Осыған қарай, отырып біз алдағы іс-қимылдар қалай болуы керек дегенге жауап таба алатындаймыз. Ең бастысы, тараптардың бір-бірін, ұлттық мүдделерін құрметтей отырып өзара сенім мен түсінікке ұмтылуы аса маңызды. Бұл үшін мәдени-гуманитарлық барыс-келістер, аймақ халқының өзара мәдени алмасуының жиілеуі алғышарт болып табылады. Оныс тараптар арасында толық түсіністік орнату қиын. Міне, бұл бағытты аймақ елдері қазірден бастап қолға алуда. Кеше ғана, 15 тамыз күні елімізде «Орталық Азия тарихы: халықтар мен мәдениеттер диалогы» тақырыбына арналған Орталық Азия мемлекеттері тарихшыларының бірінші форумы өтті. Бұл да осы саладағы мамандардың аймақтық ортақ тарихы мен бірегейлігін қалыптастырудағы маңызы зор жиындардың бірі. Алдағы уақытта ғылым мен мәдениет саласындағы осыған ұқсас шаралар аймақ елдерінің өзара сенімі мен түсінігін тіпті де тереңдете түспек.

Естай БОЖАН,
сарапшы.

СЕНАТОР

КІТАПХАНА ЖҮЙЕСІНІҢ
РӨЛІ МЕН ӘЛЕУЕТІЖаңа көркем контентті қазақ тілінде дамыту
жұмыстарын жүргізу аса маңызды

Сенат депутаты Нұртөре Жүсіп Алматыдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына барып, оның материалдық-техникалық базасымен және кітап қорымен танысты. Сондай-ақ, қала кітапханаларының басшылығымен және қызметкерлерімен кездесті.

Сенаттың баспасөз қызметі хабарлағандай, кездесуге қатысушылар

электрондық кітапханалар мен мұрағаттарды дамыту үшін цифрлық технологияларды енгізу, жас мамандарды әлеуметтік қолдау шаралары және азаматтардың оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқырман қатарын көбейту мәселелерін талқылады.

Сенатор аталған кәсіптің тартымдылығын арттыруға, әлеуметтік кепілдіктерді жақсартуға, сондай-ақ кітапханашылар мен мұрағат қызметкерлерінің мәртебесін нығайтуға арналған осы саладағы мемлекеттік реформалар туралы әңгімеледі.

Сонымен қатар, Нұртөре Жүсіп соңғы жылдары Қазақстанда әдебиетке деген қызығушылықты жанданды-

ру, әсіресе, жастар арасында оқу сауаттылығын арттыру бойынша белсенді жұмыс жүріп жатқанын атап өтті. Кітап культін құру, кітапхана жүйесінің рөлі мен әлеуетін күшейту, жаңа көркем контентті, оның ішінде қазақ тілінде дамыту жұмыстарын жүргізу аса маңызды екенін тілге тиек етті. Бүгінде кітап оқушылардың үштен екісі мемлекеттік тілде оқиды және қазақ тілді халықтың саны айтарлықтай өсіп келеді.

– Мемлекет басшысы кітап оқуды арттыру және жаңа кітаптардың мазмұнын байыту туралы үнемі айтып келеді. Атырауда өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында оқыған ұлт үлкен жетістіктерге жете алатынын атап өтті. Парламент депутаттары кітапханаларды жабдықтау, кітапханашылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту және басқа да мәселелерді әрдайым назарда ұстап келеміз. Өзім де депутаттық сауалдарымда кітапханаға қатысты мәселелерді үнемі көтеріп отырамын. Соның ішінде жалақының төмендігі және кітапханашыларға әлеуметтік кепілдіктердің жоқтығы, кітапхана ғимараттарының ескіруі сияқты жүйелік мәселелерді және тиісті ережелердің болмауына байланысты біліктілікті арттыруға мүмкіндіктің жоқтығын атап өттім, – деді Нұртөре Жүсіп.

Кездесуде сенатор өзінің жақында шыққан «Қоғамдық кешігу» және «Жарық сәуле» кітаптарын Ұлттық кітапхананың кітап қорына тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: senate.parlam.kz).

Лайықты ісі
мол лицей

Түркісіб ауданы №107 лицейде еліміздің келешегі саналатын жеткіншектерге сапалы біліммен бірге, өмірлік азық болатын рухани тәрбие беруді басты міндеті санайтын тәжірибелі ұстаздар сабақ береді. Әлбетте, алдымен ұстазда өз білім ошағын, ондағы шәкірттерді бар болмысымен қабылдай алатын кең жүрек болуы керек. Ұстанымы берік лицей ұстаздарында дәл осындай тамаша қасиет бар. Ұлағатты жандар бар күш-жігерін саналы да білімді шәкірт тәрбиелеуге жұмсауда.

Директор Үмітхан Ақатанұлы бастаған ұстаздар сабақ беретін математика, физика пәндерінен биылғы оқу жылында мектеп бітіруші шәкірттердің ҰБТ-дағы жоғары көрсеткіші – осыған дәлел.

Білім ордасында инновациялық тұрғыдан шәкірттерді білім нәрімен сусындата алатын, озық әдіс-тәсілдерді жете меңгерген, педагогикалық этика әдебіне сай қағидат ұстанатын ұстаздар қатары мол. Олар алтын ұясын болашақта «Қазақстанның мектебі осындай болуы керек?» деп таңдай қақтыратын білім орнының бірі де бірегейі болатынына кәміл сенеді. Сол себептен, тәлімі мен білімі ұштасқан шәкірт тәрбиелеуге барын салады.

Ұжымның ұлағатты ұстаздары «Баланы тәрбиешінің өзіндей емес, келешек заманға лайықтап шығару» ұстанымында ұлт зиялысы Мағжан Жұмабаевтың педагогика мен психологияны қатар өрбіткеніндей, ұрпақ тәрбиесін заман талабымен ұштастыру қажеттігіне ерекше ден қояды. Осы лицейде еңбек ететін бүгінгі буын ұстаздарының бағыт-бағдары да дәл осы игілікті идеямен қабысып тұр. Жыл сайын лицейдің қазақ тілі мамандарының жетекшілігімен көптеген шәкірттер «Абай оқуы», «Мағжан оқуы» сынды байқаулардан республикалық дәрежедегі жүлделермен оралуда. Демек, жаратылыстану бағытымен бірге, бала бойында ұлттық ерекшеліктің элементтерін қалыптастырып жатқан орта деп неге сеніммен айтпасақ? Осы білім беру мекемесінде қоғам талап етіп отырған дүниелерге немқұрайлы қарамай, жан-жақты болуға ұмтылған жеткіншектер легін көптеп көруге болады. Пәндік олимпиадада, робототехника саласында, тіпті экологиялық шараларда да жүлдесіз қайтқан шәкірт кемде-кем. Қалай сүйсінбейсің!

Айгүл НАДЫРБЕКОВА,
№107 лицей қазақ тілі пәнінің мұғалімі.

МУЗЕЙДЕГІ ҮЙІРМЕ



Басқұрдың не екенін білесіз бе?

Мегаполисiмiзде орналасқан Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейiнде «Шығармашылықтың баспалдақтары» инклюзивті үйiрмесiнiң аясында «Басқұр» тақырыбында музейлiк сабақ өттi.

«Басқұр» – киіз үйлердi безендіру, керегенi нығайту үшiн қолданылатын қазақтың сәндiк-қолданбалы өнерiнiң маңызды элементі. Балалар сабақ барасында басқұр жасаудың түрлерi мен технологиясымен танысып, «Басқұр» аппликациясын; түрлi-түстi қағаздан ою-өрнектер ойып, жүннен жасалған жiптерден қолөнер бұйымдарын жасады. Мұндай жұмыс үйiрме қатысушыларын ғана емес, коворкинг орталығына келушiлердi де қызықтырды.

Сондай-ақ, аталған музейдiң «Экологиялық бiлiм беру бағдарламасы» аясында өткен

«Құстар – табиғат сақшылары» музейлiк сабағы да жеткіншектерге ұнаған сыңайлы. Оны өздерi жасаған бұйымдардан байқадық. Сабаққа Алматы хайуанаттар бағының жанынан ашылған үйiрме оқушылары қатысты. Тәлімгерлер кiшкентай достарымызға құстар туралы қызықты мәліметтер айтып берді. Мәселен, құстар табиғатта шешушi рөл атқарады және тепе-теңдікті сақтайды. Қазақстан – құстардың 500-ден астам түрiнiң Отаны дейдi мамандар. Оның ішінде «Қызыл кітапқа» кірген сирек кездесетін түрлерін де кездестіруге болады. Дәрісте құстар әлеміне қатысты осы секілді өзге де қызықты ақпараттар айтылды. Балалар музей экспозициясындағы «Қызыл кітапқа» енген құстармен танысып, құстар әлеміне қатысты ғылыми деректерді қызыға тыңдады.

Дәріс соңында балалар Қорғалжын қорығын мекендейтін «Қоқиқаз» құсының аппликациясын жасады. Жеткіншектер бүгінгі күнінің сәтті де мағыналы өткеніне риза.

Нұр ЖАМАЛ.

ТҰЛҒАТАНУ

«ЕЛ ҚОРҒАНЫ – ЕР ЖӘКЕҢ»

атанған Жанқожа батырдың туғанына – 250 жыл

«Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын» депті ұлы бабамыз, ғұлама ғалым Әбу Насыр Әл-Фараби. Тәуелсіздікке қол жеткізген бүгінгі шақта сол елім деген ерлерді ескеріп, атын ардақтау, рухына тағзым ету – парыз. «Шаңырақ-1» ықшамауданындағы «Бекет ата» мешітінде жайылған дастархан басында ақсақалдары бастап, жастары қоштап XIX ғасырдың 50-жылдары Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан және Ресей отаршылдығына қарсы азаттық күресіне қолбасшылық еткен Жанқожа Нұрмұхамедұлының туғанына 250 жыл толуына орай өтетін республикалық тарихи-мәдени шараның қам-қарекетін ортаға салды.

Айнабай
МӘДИ

Біздің қазақ ел қорғаған ерлерге кенде емес. Солардың ішінде ел басына күн туып, ат ауыздығымен су ішіп, сыртқы жаудан қыспақ көрген қысталан шақта ел-жұртына қамқор болып, жауына қырғидай тиген жолбарыс жүректі аруақты батыр Жанқожа Нұрмұхамедұлының есімі ерекше іліпатпен айтылады. Батырдың ғаламат ерлігі, тіпті, аруақ қонған әулиелігі жайында орыс тарихшылары да таңдана жазды. Соның бірі – зерттеуші В.Аничковтің «Халық батыры Жанқожа Нұрмұхамедұлы» кітабы.

Тәуелсіздікпен тұспа-тұс Алматының айбынын асырған қаймағы қалың қазақы елдімекендерден құралған Алатау ауданының әкімшілік ғимараты, аумақтың құзырлы органдары – қара қылды қақ жарар сот, заңдылықтың орындалуын қадағалар прокура-

тура дәл осы Жанқожа бабамыздың атын иемденген көшеде орналасқан. Кезінде аудандағы айтулы көшеге ер Жәкемнің есімін беруге аумақ жұртшылығы атсалысқан болатын.

Құдай қаласа, қазан айында Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы батыр кесенесі аумағына әруақ қонған ер Жанқожа Нұрмұхамедұлының ат үстіндегі бейнесі бедерленген ескерткіші орнатылып, кешенді ғимараттың маңайы абаттандырылатын болады. Өңірде туған елінің азаттығы үшін күресіп, сексеннен асса да сесімен жауды ықтырған, ат үстінен түспей, бес қаруын бойында ұстаған Ж.Нұрмұхамедұлы бастаған ұлт азаттық күреске арналған ғылыми-практикалық конференция өтеді, тәбәрік ретінде батыр жайлы жазылған кітап таратылады. Аламан бәйге (тоқ бәйге, құнан бәйге, тай жарысы) ұйымдастырылып, қазақша күрестен балуандар бақ сынаиды, республикалық ақындар айтысы өтеді.



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЗАМАНАУИ МӘДЕНИЕТКЕ ТОПТАСУ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Дүниежүзілік қолөнер кеңесінің президенті
Саад Хани Аль-Каддумимен кездесті



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Екі тарап қолөнерді дамытудың болашағы мен елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайту мәселесін талқылады.

Қала басшысы Алматының Қазақстанның мәдени, ғылыми-білім беру және іскерлік орталығы, шеберлер мен суретшілер үшін тартымды орталық екенін атап өтті.

Қалада зергерлік бұйымдар жасау, кілем тоқу, қыш жасау, былғары өңдеу және ағаш оюмен айналысатын он саусағынан өнер тамған 250-ден астам қолөнерші тұрады. Алматылық шеберлердің бұйымдары ЭКСПО және Дүниежүзілік қолөнер кеңесі сияқты айтулы іс-шараларда көрсетіліп, бірегейлігі мен шеберлігі үшін марапаттарға ие болып жүр. Фестивальдер мен жәрмеңкелерде шеберлер туындыларын көрсетіп, қызығушылық танытқандарға шеберлік дәрістерін өткізеді. Бұл іс-шаралар дәстүрлі қазақ қолөнерін сақтау, оны

насихаттау және заманауи мәдениетке бірігуде маңызды рөл атқарады. Кездесу барысында тараптар қолөнерді дамытудың туристік және экономикалық қырларын, жұмыс орындарын құру және экономикалық өсімді ынталандыру үшін оны дамытудың қажеттілігін талқылап, Алматыға «Дүниежүзілік қолөнер қаласы» (World Craft City) атағын беру мүмкіндігін қарастырды.

Тақырыпқа орай айта кетсек, Дүниежүзілік қолөнер кеңесі AISBL (1964 жылы 12 маусымда Нью-Йоркте құрылған) – жаһандық қолөнер өнерін және дәстүрлі қолөнерді сақтауға, насихаттауға және дамытуға ықпал ететін халықаралық коммерциялық емес ұйым. Кеңес ЮНЕСКО жанындағы кеңесші орган мәртебесіне ие. Ұйымның 2021–2024 жылдардағы штаб-пәтері Кувейтте орналасқан. Дүниежүзілік қолөнер қалаларының тізіміне Африка, Азия-Тынық мұхиты аймағы, Еуропа, Солтүстік және Латын Америкасының 57 қаласы енген, соның ішінде 2022 жылдан бастап Қазақстандағы қалалардың арасынан алғаш рет Тараз «Дүниежүзілік қолөнер қаласы» мәртебесін алды.

АЛМАТЫ – ЖАСТАР ҚАЛАСЫ

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ ЖҮЗДЕСУ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Жастармен бірге» ұлттық жастар онкүндігі аясында Алматыда әртүрлі форматта 60-тан астам іс-шара өтті. Солардың бірі – BVQ форматындағы кездесу.



Досбол
АТАЖАН

Халықаралық жастар күніне орайластырылған іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков, шаһардағы комьюнити-орталықтарының басшылары, қала әкімі жанындағы жастар кеңесінің мүшелері, ҰЕҰ жетекшілері, еріктілер және белсенді жастар қатысты.

Бұл кештің ерекшелігі – жастармен ашық аспан астында еркін форматта кездесу болды. Бүгін жастар небір жақсы ұсыныстар мен жобалар ұсынды. Мен әрқашан біздің жұмысымызға тың серпін беретін жобаларды ашық талқылауға және қолдауға дайын екенімді жеткізім келеді. Қаламыздың дамуына қосқан үлестеріңіз үшін сіздерге ал-

ғыс айтамын. Халықаралық жастар күнімен құттықтаймын, – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков.

Іс-шара барысында жыл бойы қаламыздың қоғамдық өмірі мен жастар саясатының дамуына үлес қосқан белсенді жастарға қала әкімі Ерболат Досаевтың атынан Алғыс хаттар табыс етілді.

«Алматы – жастар қаласы, сондықтан бұл мерекенің біз үшін маңызы ерекше. Бізге ерекше көңіл бөлініп, қолдау көрсетіліп жатқаны қуантады. Бүгін ең белсенді жастарға Алғыс хаттар табыс етілді. Күш-жігеріміздің еленіп, қолдау тауып жатқаны бізді одан әрі ынталандырып, дамуға ұмтылдырады. Осындай іс-шаралар жиі өткізіліп тұрса екен деймін», – деді Алматы қаласының еріктісі Елдар Байғабылов.

Іс-шара соңында қатысушылар ұйымдастырушылар ұсынған дәмді тағамдардан дәм татты. «Жастармен бірге» ұлттық жастар онкүндігі аясында 3–12 тамыз аралығында қалада 50 мыңнан астам жастың қатысуымен 60-тан астам әртүрлі форматтағы іс-шара өтті.

ЮНЕСКО

Алматыда «Білім беруде жасанды интеллектті қолданудың этикасы» тақырыбында Үшінші Халықаралық ЮНЕСКО моделі өтті. Іс-шара Қазақстанның Дүниежүзілік ЮНЕСКО клубтары мен қауымдастықтары Федерациясында төрағалық етуі аясында ұйымдастырылды.

ӘСЕМ ҚАЛАҒА 32 МЕМЛЕКЕТТЕН ЖАСТАР ЖИНАЛДЫ



Досбол
АТАЖАН

ЮНЕСКО аясында өткізілген ауқымды іс-шара 32 мемлекеттен келген 53 жас делегаттың басын біріктірді. Айта кетейік, соңғы жеті жыл ішінде ЮНЕСКО моделі Федерацияның ең ірі білім беру жобаларының бірі ретінде халықаралық деңгейге дейін кеңейіп, әлемнің түкпір-түкпірінен келген жастардың пікір алмасуының тұрақты алаңына айналды.

– Іс-шараның басты мақсаты – ЮНЕСКО-ның жаһандық сын-қатерлер мен қатысушылар арасындағы негізгі басымдықтар саласындағы жұмысы туралы білімі мен түсінігін тереңдету, – деп хабарлады ұйымдастырушылар.

«Білім беруде жасанды интеллектті қолданудың этикасы» тақырыбындағы Үшінші Халықаралық ЮНЕСКО моделі Алматыдағы ЮНЕСКО-ның өңірлік кеңсесімен бірлесіп Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО клубтарының Федерациясының ұйымдастырылуымен өтті. Сондай-ақ, жоба Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі ұлттық комиссиясының және «Шымбұлақ» тау курортының қолдауымен жүзеге асырылды.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ӨРТ-ҚҰТҚАРУ СПОРТЫ

Алматыда алғаш рет
әлем чемпионаты өтеді

15–18 тамыз аралығында жасөспірімдер мен жастар, жасөспірім қыздар мен бойжеткен қыздар арасында 2024 жылғы өрт-құтқару спортынан әлем чемпионаты өтеді.

Әлемдегі үздік жас өрт сөндіруші-құтқарушы атағы үшін 6 елдің (Қазақстан, Беларусь, Болгария, Ресей, Словакия, Чехия) командалары арасында сайыс өтеді. Сонымен қатар, Камерун мен Сауд Арабиясының өкілдері бақылаушы ретінде шақырылған. Төрт күн бойы спортшылар өрт сөндіру тәжірибесінде қолданылатын түрлі сынақтан өтеді. Салтанатты ашылу рәсімі кеше сағат 20.00-де Орталық стадионда өтті. Шоуда арнайы отты эффекттері, эстрада жұлдыздарының қатысуымен өтетін концерттік бағдарламалар, ТЖ жағдайында өрт сөндірушілердің күшін көрсететін құтқарушы спортшылардың жанды қойылымдары көрсетіліп, қатысушы командалардың шеруі өтті.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.



АНТИКОР

БІР ТРИЛЛИОН
теңгеден асатын активтер
елге қайтарылды

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі елге қайтарылған активтердің қолданылу барысын тұрақты негізде қадағалап отырады. Бұл процесс бұзылған құқықтар мен әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтірудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, деп хабарлайды Агенттіктің баспасөз қызметі.



Мәселен, биыл жыл басынан бастап Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет аяқталған қылмыстық істер аясында шамамен 195 млрд теңгені өтеді. Соңғы 2,5 жылда, оның ішінде олигополилар тарапынан Қазақстан халқына 1,09 трлн теңге қайтарылды.

Бұған дейін Агенттік залалды өтеу ретінде Қ.Сатыбалдыұлы қайтарған жылжымайтын мүлік объектілерін мемлекетке беру туралы хабарлаған болатын. Олардың ішінде Алматыдағы құны 7,9 млрд теңгеден асатын «Kaisar Tower» бизнес-орталығы бар, ол Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қарамағына берілген. Сонымен қатар, Т.Жүргенов атындағы «Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ теңгеріміне құны 800 млн теңгеден асатын әкімшілік ғимарат берілді. Елордада құны 5 млрд теңгеден асатын үш зәулім сарай мүгедек балаларға арналған Астана қаласы әкімдігінің «Психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті» КММ-не берілді. Бұл білім беру жағдайларын едәуір жақсартуға және шығармашылық бастамалардың дамуын қолдауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, халықаралық ынтымақтастықтың арқасында Австрия, Франция, Лихтенштейн, Әмірліктер, Түркия, Ресей және басқа елдерден Қазақстанға ақша, бағалы қағаздар, жылжымайтын мүлік және зергерлік бұйымдар түріндегі активтер (мәселен, Австриядан – 36,8 млрд теңге, Лихтенштейн-нен – 116,7 млрд теңге, Түркиядан – 2,2 млрд теңге, Біріккен Араб Әмірліктерінен – 6,3 млрд теңге) қайтарылғанын айта кеткен жөн. Бұдан басқа, лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдаланғаны үшін сотталған Индустрия және инфрақұрылымдық даму экс-вице-министрі Т.Тоқтабаевқа қатысты қылмыстық іс бойынша мемлекет пайдасына Қостанай облысындағы құны 5,6 трлн теңгеден асатын никель мен кобальттың ірі қорлары бар бірегей «Шевченковское» кен орны берілді. Заңсыз сатып алынған активтерді қайтару бойынша жұмыс жалғасуда.

ТҰТЫНУШЫ НАЗАРЫНА!

ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті мен оның аумақтық бөлімшелері бүкіл Қазақстан бойынша жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау қызметтерінің құнын қайта есептеу бойынша жұмысты аяқтады, деп хабарлады ҚР Ұлттық экономика министрлігі.

Қазақстанның тұтынушыларына жылу үшін 768 млн теңгеден астам қаражат қайтарылмақ. Қайта есептеу нәтижелері бойынша қаражатты қайтару тұтынушылардың дербес шотында жаңа жылыту кезеңінде (2024-2025 жылдар) не күнтізбелік жылда (2024 жылдың соңына дейін) аванс (сальдо) түрінде жеке жолмен көрініс табады.

Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар туралы заңнамасының нормаларына сәйкес табиғи монополия субъектісі сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтің құнын тікелей тұтынушыларға не жылу

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

372 МЫҢҒА ЖУЫҚ АЗАМАТ
атаулы әлеуметтік көмек алды

2024 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша 70,2 мың отбасындағы 371,9 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Биыл осы мақсатқа бюджеттен 60,5 млрд теңге қарастырылған, деп хабарлады ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

2024 жылғы 1 тамызда АӨК алушылар қатарынан мектеп жасына дейінгі 115,4 мың балаға 3,3 млрд теңге сомасына қосымша төлем тағайындалды.

АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК:

- табысы өңірлік ең төмен күнкөріс деңгейінің 70%-ынан аспайтын азаматтарға тоқсан сайын әлеуметтік көмек тағайындауды;
- табысы аз отбасылардағы 1 жас пен 6 жас аралығындағы әр балаға 1,5 АЕК (5538 теңге) мөлшерінде ай сайынғы қосымша төлем беруді;
- жұмысқа орналастыру, өз ісін ашуға ниетті отбасыларға гранттар беру, біліктілікті арттыру курстарына жіберу (қажет болған жағдайда) және өзге де тәсілдер арқылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесуді көздейді.

ХИМИЯЛЫҚ ӨНЕРКӘСІП

СЕГІЗ КӘСІПОРЫН

жыл соңына дейін
пайдалануға беріледі

Жыл соңына дейін еліміздегі химия өнеркәсібі саласында жобалық құны 12,9 млрд теңгені құрайтын 8 кәсіпорын пайдалануға беріледі деп жоспарлануда. Бұл шамамен, 350 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Бұл туралы «QazIndustry» АҚ Жобаларды іске асыруға мониторинг жүргізу және талдау дирекциясы хабарлайды, деп хабарлайды ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі.



Қазіргі уақытта қазақстандықтар АӨК тағайындауға өтінішті тұрғылықты жері бойынша мансап орталығында, ауыл округінің әкімі сондай-ақ Электрондық үкімет порталы (egov.kz) арқылы бере алады.

Биыл осы салада елімізде 2 химиялық кәсіпорын іске қосылған. Атап айтар болсақ, Алматыда тұрмыстық химия және жеке гигиена құралдарын шығару және Маңғыстау облысында аммоний сульфатын өндіру кәсіпорындары. Аталмыш жобаларға 4,1 млрд теңге инвестиция тартылып, 36 жаңа жұмыс орындары құрылған.

Жобалардың ішінде сұйық азот, натрий пиросульфиті, химиялық реагенттер өндірістері бар. Шығарылады деп жоспарланған өнімдердің шамамен 70%-ы еліміздің ішкі қажеттіліктеріне бағытталмақ. Сонымен қатар, жүзеге асыру сатысында құны 790 млрд теңгені құрайтын тағы 22 жоба бар. Олардың ішінде жасыл сутегі, уран тотығы, литий карбонаты, поливинилхлорид, аммоний паравольфраматы және басқа да химиялық өнімдер өндірісі бар. Бұл нысандардың ашылуы 4700 жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. Жаңа кәсіпорындар өнімінің 45%-дан астамын жақын және алыс шетелдерге экспорттау жоспарланған. Алдағы уақытта салада құны 13,4 трлн теңге болатын 26 мыңнан астам жұмыс орнын құрумен 62 жоба пысықталуда. Отандық және шетелдік инвесторлармен бірлесіп полиэтилен, калий тыңайтқыштары, аммиак селитрасы, натрий цианиді және химия өнеркәсібінің басқа да өнімдерін өндіруді іске қосу жоспарлануда. Жалпы, химия өнеркәсібі портфелінде барлығы 94 жоба бар. Олардың құны 14,2 трлн теңгеден асады. Аталмыш жобаларды толық іске асыру кезінде 31,5 мыңға жуық жаңа жұмыс орны құрылатын болады.

Табиғи монополияларды реттеу комитеті:

ЖЫЛУМЕН ЖАБДЫҚТАУ

қызметінің құнын қайта есептеу жұмыстары аяқталды



энергиясымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке ақы төлеу кезінде тарифті төмендету жолымен тұтынушының тұрған жерін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда қайта есептеуді жүргізуге міндетті. Осылайша 2023-2024 жылдардың өткен жылыту кезеңінде жылумен жабдықтау саласында қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілері ҚКС есебімен жалпы сомасы 768 157,39 мың теңгеге есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылу энергиясы үшін төлемакыны қайта есептеді. Бұл сома Алматы қаласы бойынша – 95 405,36 мың теңге.

Жылу энергиясын есепке алу құралдарын орнату жылумен жабдықтау қызметтеріне жылу энергиясының нақты тұтынылған көлемі үшін ғана төлеуге мүмкіндік беретінін айта кеткен жөн. Бұл жылыту маусымында артық төлемді болдырмайды. Бүгінгі таңда еліміздегі көппәтерлі тұрғын үйлерді аспаптау деңгейі шамамен, 75%-ды құрайды.



ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ПАТРИОТИЗМ ҚАҒИДАТЫ

Қазақстандық өнімдер бола тұра,
импорттық тауарларды сатып алуға тыйым салынады



(Фотодереккөз: kisi.kz)

Үкімет отырысында отандық тауар өндірушілерді қолдау мәселесі қаралды. Енді ішкі нарықты қолдау жөніндегі шаралар заңнамалық деңгейде бекітіледі. Президент сатып алу рәсімдерін жүргізу кезіндегі талаптарды қатаңдататын «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заңға қол қойды. Бұл ретте бүгінде сатып алу сапасын бақылауды одан әрі күшейтуді көздейтін түзетулер Мәжіліске енгізілді. Өзгерістер жаңа тетікті – отандық Тауар өндірушілердің бірыңғай тізілімін енгізуді көздейді, оған өнім шығарып отырған, өндірістік қуаттары жетерлік, әрі қарай даму үшін әлеуеті мен жоспарлары бар нақты кәсіпорындар кіреді.

Бұл платформаны құрудың негізгі мақсаты – еліміздің негізгі өндірістерін жүйелеу және отандық бизнесті қорғау. Тізілімге енген кәсіпорындар мемлекеттік қолдау шараларын басым тәртіппен алатын болады. Бұл ретте оларға өндірісті жаңғырту, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, жалақыны өсіру бойынша қарсы міндеттемелер қойылады. Компаниялардың қызметін бақылау онлайн-режимде цифрлық скрининг негізінде жүзеге асырылатын болады, бұл сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік сатып алуды реттеу мәселесінде Үкімет басшысы бірқатар міндеттер қойды. Өзекті мәселелердің бірі – қазақстандық тауарлар каталогтарының қайталануы, бұл өнімді импорттауға және одан әрі оны отандық тауар ретінде сатуға жол ашпақ.

• «Үкімет экономикалық патриотизм қағидатын қатаң ұстанатын болады. Біз қашанда отандық өндірушіні қолдаймыз. Бұл – әрбір әкімнің, әрбір салалық министрдің міндеті. Ол тек сөз жүзінде ғана емес, нақты іс жүзінде орындалуға тиіс... Қазақстандық өнімдер бола тұра, импорттық тауарларды сатып алу жалғасын келеді, мұны доғару керек, – деді Олжас Бектенов.

Еліміздің Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев отандық тауар өндірушілерді (ОТӨ) қолдау аясында елдің ішкі резервтерін пайдалану жолға қойылғанын мәлім етті. Отандық өндірушілерді қолдау аясында қабылданған заңнамалық өзгерістер мыналар:

Бірінші. Мемлекеттік сатып алуда басымдық берілетін отандық тауарлар тізбесі кеңейтілді. Офтейк-келісім-шарттар жасасу тетігі пысықталды.

Екінші. Мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілетін құрылыс жұмыстарында отандық тауарларды пайдалануға бақылау енгізілді.

Үшінші. Жер қойнауын пайдаланушы компаниялардың сатып алуларында отандық тауарларға басымдық беріледі.

Төртінші. Табиғи монополия субъектілері сатып алуларында отандық тауарларға 10% шартты жеңілдік қарастырылған, бұл тауарлардың бәсекелестігін арттырады.

Бесінші. «Самұрық-Қазына» сатып алуларында ұзақ мерзімді шарттар мен офтейк-келісім-шарттар жасасу шарттары жетілдірілді.

Сонымен қатар, отандық кәсіпорындарды қолдау аясында мынандай заңнамалық өзгерістер пысықталып жатқаны белгілі болды. Олар:

- Ірі тапсырыс берушілердің отандық тауарлар мен қызметтерді пайдалану бағдарламаларын бекіту және ұзақ мерзімді шарттар мен офтейк-келісім-шарттар жасасу міндеттемелерін белгілеу.

- Мемлекеттік бюджет есебінен жүргізілетін құрылыс жұмыстарында отандық құрылыс материалдары мен жабдықтарын қолдануды бақылау комиссиясын құру.

- Жаңа өндірістік нысандар құрылысы барысында отандық тауар өндірушілерден материалдар мен жабдықтарды сатып алу бойынша міндеттемелерді белгілеу.

ҚР қаржы министрі Мәди Такиев қолданыстағы Мемлекеттік сатып алу және квазимемлекеттік сектордың сатып алуы қағидаларына өзгерістер енгізілгенін мәлімдеді. Бұл өзгерістерде:

- тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді басымдықпен отандық тауар өндірушілер тізіліміндегі өнім берушілерден сатып алу;

- отандық тауар өндірушіге 30% мөлшерінде міндетті аванс төлеу (бұл біздің өнім берушілерге шарттық міндеттемелерді уақытылы әрі тиісінше орындауға мүмкіндік береді);

- отандық тауар өндірушілерді қамтамасыз етудің барлық түрлерінен босату, бұл өнім берушілерге өз қаражатын өндірісті одан әрі дамытуға бағыттауға мүмкіндік береді;

- отандық тауар өндірушілер үшін тұрақсыздық айыбын 10%-дан 3%-ға дейін төмендету, бұл да елеулі қолдау шарасы болып табылады;

квазимемлекеттік сектордың сатып алуларында бір көзден сатып алу тәсілімен офтейк-келісім-шарттардың нысанасы болып табылатын тауарларды сатып алу көзделеді.

Министрдің айтуынша, аталған шаралар отандық өндірісті ынталандыруға және реттелетін сатып алулардағы қазақстандық қамту үлесін қамтамасыз етуге бағытталған. Жалпы, отандық тауар өндірушілерді қолдау бойынша жұмыстар жалғасатын болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: primeminister.kz).



(Фотодереккөз: abai.kz)

БІЛІМ



Қаржыландыру көлемі артты

Алматыда биыл білім беру саласын қаржыландыру 42 млрд теңгеге ұлғайды. Жылдың соңына дейін жаңа мектептер мен оқу орындарына қосымша ғимараттар ашылады. Осылайша Алматыда 2024 жылы білім беру саласын қаржыландыру 466 млрд теңгеге жетті. Бұл туралы қалалық білім беру басқармасынан хабарлады.


Ел Президентінің тапсырмасымен 2026 жылға қарай оқушы орындарының тапшылығын «қажетті» деңгейге дейін төмендету жоспарлануда.

Сондай-ақ, қыркүйек-желтоқсан айларында жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылатын 3,7 мың орынды 2 мектеп пен 6 қосымша құрылысты іске қосу жүзеге асырылады: «Саялы» мен «Зерделі» ықшам-ауданында 550 орынды 2 мектеп, №112, 103, 59, 174, 195, 99 мектептерге 6 қосымша құрылыс салынады.

Сонымен қатар, осы жылдың соңына дейін 6,4 мың орынды 10 жекеменшік мектеп іске қосылады деп күтілуде.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

ДЕНСАУЛЫҚ



МЕДИЦИНА САЛАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА

Алматының денсаулық сақтау жүйесін қаржыландыру 15,2 млрд теңгеге ұлғайтылды

Алматыда денсаулық сақтау инфрақұрылымына ерекше көңіл бөлінеді. Мәселен, биыл денсаулық сақтау саласын қаржыландыру 41,6%-ға өсіп, 51,7 млрд теңгеге жетті. Бұл туралы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы хабарлады.

Осылайша бөлінген қаржы көзі медициналық жабдықтар мен вакциналарды сатып алуға және күрделі жөндеу жұмыстарына бағытталған.

Биыл 4 МСАК орталығының құрылысы және 12 емханаға күрделі жөндеу жұмыстары аяқталады. Бұған қоса, 11 жаңа МСАК орталығы мен емхана, сондай-ақ 3 емхананы күрделі жөндеу жұмысы жобаланады.

Кадрлық әлеуетті арттыру үшін 2632 дәрігер мен орта медициналық қызметкерді оқытудың үш деңгейлі бағдарламасы іске асырылып жатыр. Елімізде алғаш рет биылғы 13 маусымда Алматы қаласының Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында «Фетальді хирургия» пилоттық жобасы іске қосылды. Онда жылына 150 жатырышілік ота жасау жоспарланған.

Нұр ЖАМАЛ

ТУРКСОЙ

ТҮРКІ ӘЛЕМІНІҢ «ЕҢ ҮЗДІК МУЗЕЙІ»

мәртебесі Алматы қаласы
музейлер бірлестігіне бұйырды

Қазақстан, Түркия, Әзербайжан,
Қырғызстан, Өзбекстан және
Түркіменстан музейлері арасында түркі
мәдениетінің халықаралық ұйымы –
ТУРКСОЙ үздіктерді анықтады.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласы музейлер бірлестігі «Best Museum of the Turkic World» жоғары марапатқа ие болды. Бұған музейтанушылардың елімізбен бірге шетелде ұлттық құндылықтар мен тарихи-мәдени мұраны насихаттау жөніндегі орасан зор жұмыстардың арқасында қол жетіп отыр. Бұл сертификатты ТУРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев табыстады.



«Алматы музейлері кейінгі екі жылдың өзінде үлкен жұмыс атқарғанын көріп отырмыз. Түркі елдерінің ғана

емес, Еуропа мен Азияның тұрғындары қазір Алматы қаласы ұйымдастырған бірегей көрмелерді көре алады. Мысалы, Стамбул, Сеул, Прага, Неаполь, Вена және әлемнің басқа қалаларында Қазақстан көшпенділері туралы көшпелі көрмелер өткізілді. Өнер мен тарихқа әуестенушілер сіздер ұсынған жәдігерлер мен артефактілерге таңқалысты. Осылайша сіздер қазақ мәдениетін шетелде белсенді түрде насихаттап, еліңізге туристерді тарта аласыз және түркі әлеміндегі музейді зерттеу саласындағы қызметті дамытып келесіздер. Қала билігі сала өкілдеріне бұрын-соңды болмаған қолдау көрсетіп жатқанын көріп отырмыз», – деді Сұлтан Раев марапаттау барысында.

Айта кететін жайт, Алматы қаласы музейлер бірлестігінің құрамына халық Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі, Ахмет Байтұрсынұлының музейі, С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің әдеби-мемориалдық музей кешені, Н.Тілендиевтің мемориалдық музейі, мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы, Д.А.Қонаев музейі, Райымбек батыр музей кешені, сондай-ақ Алматы қаласының тарихының музейі кіреді. Мектеп жасындағы балаларға музейге кіру тегін. Мұндай шешімді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қабылдаған.

Сонымен қатар, Алматы музейтанушылары әкімдіктің қолдауымен Парижде (Лувр), Сеулде, Стамбулда, Неапольде, Венада, Самарқандта, Бакуде, Ашхабадта және Прагада тағылымдамадан және оқудан өтті. 7 халықаралық көрме ұйымдастырып, серіктестік туралы 15 халықаралық меморандумға қол қойды.

КӨРМЕ-ЖӘРМЕҢКЕ

«АЛМАТЫ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОЛӨНЕР ҚАЛАСЫ»

Мегаполис өзінің мәдени әрі тарихи мұрасын сақтай алғанын және қолөнер саласы жақсы дамығанын әлем алдында дәлелдейді

Дүниежүзілік қолөнер кеңесі Алматы қаласына «Дүние жүзіндегі қолөнер қаласы» мәртебесін беру мәселесін қарастырып жатыр. Осы орайда ҚР Орталық мемлекеттік музейінде Қазақстан қолөнершілер одағы мен Алматы қолөнер палатасының бастамасымен және қалалық Туризм басқармасының қолдауымен «Алматы – Дүниежүзілік қолөнер қаласы» атты көрме-жәрмеңке өтті.

Досбол
АТАЖАН

Дүниежүзілік қолөнер кеңесі 2014 жылдан бері қолөнер саласы айтарлықтай дамыған қалаларға «Дүние жүзіндегі қолөнер қаласы» мәртебесін беріп келеді. Сол уақыттан бері мұндай мәртебеге 67 қала ие болған. Олардың 11-і Оңтүстік Америкада, 47-сі Азия-Тынық мұхиты аймағында, ал 7-еуі Еуропада орналасқан.

«Мен Қазақстанға бірінші рет келіп тұрған жоқпын. Бұған дейін «Дүние жүзіндегі қолөнер қалаларының» тізіміне қосылған Тараз қаласында болғанмын. Қазақстанда қолөнер саласы жақсы дамып келе жатыр. Алматының қолөнершілер қаласы ретінде өтініш беруі біздің 60 жылдық мерейтойымызбен тұспа-тұс келіп тұр. Сондықтан Алматыға бұл мәртебе беріледі деп ойлаймын. Қаланың осы сала бойынша әлеуеті жоғары», – деді Дүниежүзілік қолөнер кеңесінің президенті Саад Бал Әл-Каддуми.

Ал Алматы қаласы Туризм басқармасының басшысы Ғалия Токсейітова қолөнер саласы туризмнің дамуына тікелей әсер ететінін атап өтті.

«Алматыда 250-ден астам қолөнер шебері бар. Олардың қатарына зергерлік өнерден бастап, былғары өңдеу, құрақ жасау, ағаш ою және өзге де қолөнер түрлері кіреді. Айта кеткен жөн, қолөнер саласы туризммен өзара тығыз байланған. Қаламызға келген туристер қолөнер бұйымдарының әртүрлілігін жиі атап өтеді», – деді Ғалия Токсейітова.

Дүниежүзілік қолөнер кеңесінің Азия-Тынық мұхиты өңірі бойынша президенті Әзіз Мұртазаев «қолөнер қаласы» ретіндегі мәртебе Алматыға жыл соңына дейін берілуі мүмкін екенін айтты.

– Алматы бір жылдам астам уақыт дайындалып, биыл маусым айында «Дүние жүзіндегі қолөнер қаласы» мәртебесін алуға өтініш берді. Бұл өтініш алдағы уақытта қаралып, жыл соңына дейін Алматы осы мәртебеге ие болады деп үміттенемін. Бірақ бұл қаланың өзіне не береді дейтін болсақ, Алматы өзінің мәдени әрі тарихи мұрасын сақтай алғанын және қолөнер саласы жақсы дамығанын әлем алдында дәлелдейді. Сондай-ақ, «Дүние жүзіндегі қолөнер қалаларының» қатарына қосылу туризмнің дамуына да оң әсер етеді, – деді Әзіз Мұртазаев.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



МӘСЕЛЕ

Марат БАЙДІЛДАҰЛЫ:

ТОЙ РЕФОРМАСЫ

той мәдениетін қалыптастырудан басталады



Қазақ тойының үш проблемасы, екі ысырабы, меймандарға үш шабуылы хақында. Иә, қазақтың бүгінгі тойының проблемалары өте көп. Сондықтан осы күнгі қолданыстағы той дәстүрі түбегейлі реформаға өте-өте мұқтаж. Төменде осы той мәселесімен қырық жылдан астам уақыттан бері айналысып келе жатқан қаламгер, Қазақстанның

құрметті жазушысы, Қазақстан Педагогикалық Ғылым академиясының академигі, профессор, этнограф Марат Байділдаұлы той реформасына қатысты ойларымен былай бөліседі.

Өткен аптада Алматы маңындағы тойханаларды аралап шығып, той өткізуге бос күн таппадық. Мейрамханалардың барлығы қазан айының соңына дейін, аптаның дүйсенбісіне де той өткізуге тапсырыс алып қойыпты... Бұл көрініске қарап, маған қазақ даласы құдды бір той-жарысқа түскендей әсер қалдырды. Халықтың әл-ауқаты жақсарған сайын сән-салтанаты келіскен мейрамханаларға той жасайтын ағайынның қатары көбейген. Әрине, той жасап, әулет болып жиі бас қосып тұру – бауырмалдық пен ағайын-туыс арасындағы ынтымақты арттырады сөзсіз. Бірақ сол басқосу ысырапшылдыққа емес, ырысқа, біреудің қаңсығын таңсық етіп емес, өз дәстүрімізді дәріптеп, салтымызды сақтауға қызмет етіп жатса, қанеки!

Осыдан 100 жыл бұрынғы қазақтың тойы, тіпті 100 жыл демей-ақ қойайық, осыдан 50 жыл бұрынғы қазақтың тойы менен бүгінгі тойының арасында жер мен көктей айырмашылық бар. Қазақта той ешқашан түнге қарай өтпейтін. Кешке қарай той жасау дәстүрі жоқ болатын. Кеңес Одағы тұсында, сонау 1970–1980 жылдары комсомолдық той деген жаңалық шығып, үлкендердің тойы – күндіз, ал жастардың тойы кешке өтетін болды. Қазақ тойының бүгінде кешке өтуі сондай бір қиғаштықтан туған үрдіс. Қарапайым халыққа күндіз бір той жасап, кешке жастарға қайта дастархан жаю салмақ болып кететін болған соң, екі той өзінен-өзі табиғи түрде бірігіп, күндізгі той кешкі уақытқа қарай ығысты.

Қазіргі қазақ тойының форматы мүлде жаңаруға тиіс, оған түбегейлі реформа қажет. Ол қандай реформа?

Бұл ең алдымен тойдың уақытысын өзіміздің қазақи бастапқы мерзіміне жөткеуіміз керек. Яғни күндізгі сағат 12.00-ге немесе 13.00-ге ауыстыру керек деп есептеймін. Мәселен, сенбі-жексенбі күндері той түсте басталса, кешкі бес-алтыда бітіп, қонақтар қажымай, қалжырамай, шаршап-шалдықпай үйлеріне ертерек жетіп алар еді... Бұл той иелеріне де



Суретті мүсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

тиімді! Реформаны тойдың күндіз өткізілуімен бастағанымыз орынды болады.

Қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің көбі той мен өлім тәрізді екі дүниенің төңірегіне шоғырланған. Алғашқысы перзенттің дүниеге келуі, шілдехана, сүндет той, тілашар, оқу бітіру, ұл болса үйленуі, қыз болса ұзатылуы деген сияқты сатылап жоғарылап кете береді. Одан кейін өлім-жітімге қатысты қонақасы, жаназа, жетісі, қырқы, құран оқыту сияқты кәделер. Мысалы, құдайы тамақ десе, сағат 12.00-ге белгіленген асқа ешкім кешікпейді. Өйткені, жұрт ол жерде құран оқылатынын біліп, ішінде болғысы келіп, ертерек жетуге тырысады. Осылайша Ас немесе құдайы тамақтар тура белгіленген уақытында басталып, 1-1,5 сағат көлемінде аяқталып жатады.

Құдай қаласа, біз қуаныш салтанаттарын да осындай ұқыптылық деңгейіне жеткізуіміз керек. Мұсылман елдерінде кез келген іс-шара Құран оқудан басталады. Тойды да Құран оқудан бастау өте орынды болар еді. Оның еш сөкеттігі жоқ. Осы күнге, осы қуанышқа жеткізген ата-баба аруағына бағыштап Құран оқылса, несі айып?! Әрі бұл қонақтардың кешікпеуіне себеп болар еді.

Тойдың түрлері көп қой, бірақ қазекемнің негізгі мән беретіні – баласының үйлену тойы. «Тас түскен жеріне ауыр» демекші, келін түскен той басты қуаныш саналады. Кейінгі кездері «үйіміз тар, көп адам сыймайды» деген желеумен қыз ұзату тойлары мейрамханаларда өткізіліп жүр. Менінше, бұл тым артықтық. Негізінде, мұндай салтанат қыз өскен үйдің шаңырағында өткені дұрыс. Өйткені, қыз бала енді төркін жұртына айналатын әкесінің шаңырағымен қоштасып, өмірдің үлкен жолына аттанады ғой. Ал оған жүздеген адам шақыру қажетсіз, ақыл-кеңесі мен ізгі тілектерін айтатын ең жақын деген ағайын-туыс келсе жеткілікті.

Қазақ тойының екінші проблемасы – тост. Тойға 150–200 адам шақырылса, сол қонақтың бәрі тост айту парызы сияқты болып кетті. Бәрі бірін-бірі қайталау. Мұның алдын алу үшін зал алдына – тілек камерасын орнату оңтайлы. Мейман айтар тілегін сол бейнекамераға айтса жеткілікті.

Тойдың үшінші проблемасы – арақ-шарап. Тегінде той қуаныштары арақ-шарапсыз, халал стандартта өткені абзал. «Құдалардан ұят болады» деген кеңестік имани надандықтың кезі өтті.

Қазақтың тойларындағы екі ысырап бар, ол: уақыт ысырабы мен дастархан ысырабы. Меймандарға үш шабуыл бар: асаба шабуылы, дыбыстық (децибел) шабуылы, би шабуылы. Әдетте әр нәрсенің өз мөлшері, өз дозасы болады. Ең үлкен ысырап уақытқа байланысты. Қазіргі тойларда қонақтарды сағат 17.00-ге шақырса, жұрт жиналып той басталғанша кешкі сегіз-тоғыз болады. Бұл кезде уақытында келген адамның барлығы шаршайды. Сондықтан тойды түсте, тура белгіленген уақытта Құранмен бастау осы ысырапты тоқтатар еді.

Тағамның түр-түрін үйіп-төгіп қоятын дастархан ысырабы азаятын түрі жоқ. Ашаршылық, соғыс жылдарынан кейін қалыптасқан дастарханды қайыстырып толтырып қоятын «ашаршылық синдромынан» да құтылатын кез жетті. Айталық, Қытай, Моңғолия, Түркия қазақтарының тойларында дәл мұндай ысырапшылдық жоқ. Дастарханға тап қазір желінетін тағам ғана қойылады. Біз де осы қалыпты дәстүрге қайта оралуымыз қажет.

Меймандарға «әңкілдеген» дауысымен шабуылды бірінші бастайтын асаба. Асабаның арманы – компартияның съездеріндегідей дүркіретіп «ЦКовский» қол соқтыру. «Шап, шап!» деп шала бүліну. Қарақтарым-ау, тойдың бағасы соғылған алақанмен өлшенбейді ғой. Әсіресе, асабалардың әдепсіздігі, білімсіздігі, ұятсыздығы бармақ тістетеді.

Асабаларға да айтылар сын көп. Той иесі мен асабаның арасында алдын ала келісім болуы керек. Осы шарт көбіне шалағай дүмбілез күйде қалып жатады. Соның салдарынан әдет-ғұрыпымыз қадам басқан сайын бұзылып жатады. Тіпті, өрескел күйге түсіп кетеді.

Өз басым бүгінгі күнге дейін асабаның той жүргізу мәдениеті, сөйлеу мәнері, дикциясы, әдет-ғұрыпымызды жетік білуі хақында тынбай қалам тербеп, радио, теледидардан айтып келемін. Мен үшін той – қазақтың тәрбие мектебі. Асаба – той мінберінің иесі. Қазір күлдіремін деп, сөздің байыбына бармай бүлдіріп жататын асабалар көбейген.

Бүгінде Қазақстанда ауыл, аудан, облыс орталықтарында, ірі қалаларда аптасына үйленуі, қыз ұзату, мерейтой, т.б. қосып алғанда кемінде 25-26 мыңдай той өтеді. Соның бәрін әуесқой асабалар басқарады. «Ұялмаған әнші болады» демекші, бүгінде ұялмағанның бәрі – асаба. Сондықтан жоғары оқу орындарында шебер де шешен сөйлей білуге үйрететін, мәдениетті кәсіби асабаларды оқытатын арнайы мамандық бөлімдерін ашқан дұрыс. Өйткені, той – ыңғайсыз көріністер ұйымдастырып, әдепсіз анекдоттар айтатын жер емес, бұл той иелерінің қуанышын бөлісуге жиналған көпшілікке тәрбиенің үлгісі мен өнегесін көрсететін мәдени мекен!

Данғырлаған музыка да көп жағдайда тойдың сәнін де, мәнін де қашырады. Кейде тойда 10–15 жыл көрмеген туыс-сыйды немесе сыныптасыңды кездестіріп қалсаң, қал-жағдай сұрасып әңгімесу арман болып қалады. Дүрсілдеген децибелдер мүмкіндік бермейді. Әңгімесу үшін амалсыз көп адам сыртқа шығып кетуге мәжбүр. Санитарлық норм бойынша шу күндіз 50 децибелден, түнге қарай 40 децибелден аспау керек. Өкінішке қарай қазіргі той ғимараттарында гүрсілдеген музыка үні 60–70 түгілі 90–100 децибелге жетіп жатады. Оның үстіне Қазақстанда соңғы 20–30 жылда салынған тойханалардың бірде-бірінде акустикалық талаптар ескерілмеген. Тойдағы дыбыстық шабуыл салдарынан келген қонақтар мәңгіріп, үйлеріне «жынды» болып қайтады.

Әңгіме музыка жөнінде болып жатыр ғой. Меймандарға «би шабуылы» да қорғандарды қиратқыш машиналар тәрізді тыным бермейді. Ешқандай талғамсыз, жөнсіз-жосықсыз музыка шаршатады. Би музыкасы тойға келген адамдарды демалдыратын сипатта болғаны жөн. Өкінішке қарай, «құлақтан пергілей беру» басым. Қазақ эстрадасының би қоржынында жалпы хоронометажы 160 сағаттан астам музыка бар. Бізге сығанның, өзбектің, кавказдың, үндінің биін билеудің қажеті жоқ. Олар ешқашан біздің биімізді билемейді. Сондықтан жат жұрттардың қаңсығын таңсық көріп, насихаттауымыздың қажеті шамалы.

Енді беташар рәсімі туралы бірер сөз айта кетейін. Беташар келін түскен күні, табалдырықтан аттап ішке енген бойда жасалатын шара. Беташар тойға жақын туыстар мен көрші-қолан жиналады. Сол жерде ақын жігіт өнерін салып келінге жақын туыстарын, ата-енесін, үлкендерді, қайын аға, қайыныларын таныстырады. Олардың саны оншақты адамнан аспағаны жақсы. Әрі күйеуінің алғаш сәлем салған туыстарына өмір-бақи сәлем салып жүруге міндетті болады. Беташар ұзақтығы 10–15 минуттан аспауы керек.

Алғаш табалдырық аттағанында беташар айтылған болса оны кейін өткізген үлкен тойда спектакльге айналдырып қайта беташар айтқызудың қажеті жоқ. 150–200 адамды қаңтарып қойып жарты сағат, 40 минут, тіпті бір сағат беташар айту көргенсіздік болады.

Той Құранмен басталып, батамен аяқталған дұрыс. Осының өзінде үлкен тәрбиелік мән жатыр. Той реформасы той мәдениетін қалыптастырудан басталады.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



СҰХБАТ

Франция астанасы Парижде өткен жазғы Олимпиада ойындарында Қазақстан бірнеше тарихи жетістіктерге жетті. Ел тарихын жаңартып, көк Туымызды асқақтатқан спортшылардың бірі – Нариман Құрбанов болды. Ол спорттық гимнастикадан Қазақстан тарихындағы алғашқы Олимпиада жүлдесін жеңіп алды. Осы орайда, Алматыға қайтып келген Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері Нариман ҚҰРБАНОВПЕН әңгімелесудің сәті түсті.

– Парижден оралғаныңызға бірнеше күн өтті. Өзіңізді Қазақстан тарихында спорттық гимнастикадан алғашқы Олимпиада жүлдесін әкелген спортшы ретінде қабылдай алдыңыз ба?

– Шынымды айтсам, әлі толықтай қабылдадым деп айта алмаймын. Таңертең ояңғанда алдымен «мүмкін мұның бәрі түсім шығар» деген ой келеді. Бірақ көзімді ашып, ілулі тұрған медаль мен Парижден келген кәдесыйларды көргенде – мұның бәрі шындық екенін түсінемін. Өкінетінім – Франция астанасын аралай алмадым. Себебі, әрдайым жаттығу жасаумен болдық. Десе де, кетер алдында Эйфель мұнарасын бір рет толық көре алдым.

– Жарысқа қатысып, өнеріңізді әлем алдында паш еткенде не ойлағаныңыз есіңізде ме?

– Мен бірінші болып шықтым және барлығын шеберлігімді сағаттар бойы шыңдаған жаттығуларымдағыдай жасап шығуға тырыстым. Мақсатым – ештеңені алып-қоспай бұрын дайындық кезінде жасағанымды дәлме-дәл қайталау. Артық ойдың уақыты бітті де, барымды салып, қарсыластарымның алдында жоғары нәтиже көрсету керек болды. Мен бәрін ойлағанымдай жасап шықтым. Айта кететіні, ат снарядындағы жаттығуымда бірегей іс-қимылдар көп. Мұндай элементтерді бұрын-сонды ешкім жасамаған. Енді спортшылар осы әдістерді қайталағысы келері сөзсіз.

Жақындарымның, әсіресе, әкем әрі жеке бапкерім – Хусанжан Құрбановтың қолдауы маған көп көмектесті. Мен медаль алған кезде әкемнің қуанышы қойнына сыймады деуге болады. Себебі, бұл мақсатымызға ұзақ уақыт бойы еңбек еттік және әкем әлемдік деңгейдегі ең үлкен марапат туралы өмір бойы армандаған адам.

– Әкеңіз бапкер ретінде қаншалықты қатал?

– Өте қатал! Өзгелерге қарағанда менің көбірек ұрыс естігеніме көбісі сенбейді. Әкем басқа тәлімгерлеріне қарағанда маған қаталырақ қарайтын. Оған қоса, басқалар жаттығудан кейін үйлеріне қайтып кетсе, ал мен үйде де гимнастикадан қашып кете алмадым. Ол кісі гимнастика туралы күні бойы айтуға дайын еді. Анам – Альфия Құрбанова мені жиі қорғаштап, гимнастиканы тастауға кеңес беретін. Спортта үлкен жетістікке жетпей, қарапайым жаттықтырушы болып қалуымнан қорқатын. Ал экономист не заңгер сынды тұрақты маман болсаң, отбасыңды әрдайым асырай аласың дейтін. Алайда, әкем оған көнбеді. Себебі, ол спорттық гимнастикадан чемпион болу туралы арманынына ұлы жете алатынына мүлтіксіз сенді.

– Сіздің гимнастиканы тастап кеткен уақытыңыз болшыты. Бұл шешіміңізге не итермеледі?

– Жасөспірім шағымда ондай кезең болғаны рас. Мұғалімдер менен жақсы спортшы шықпайтынын айтатын. Өзім де денешынықтыру сабағында дұрыс тартыла алмадым. Содан гимнастиканы футболға ауыстыруға бел будым. Әкем оған келісті, бірақ жаттығуға мені апармайтынын ескертті. Мен тәуелсіз екенімді көрсетіп, жаттығу мен жолақыны өзім төлеуге тырыстым. Әкем күнделікті қажеттіліктеріме ақша беретін. Бірақ футболға деген қызығушылық ұзаққа бармады. Себебі, өмірімнің біраз бөлігін



Нариман ҚҰРБАНОВ:

ЖЕҢІСКЕ МАСАТТАНЫП ОТЫРАТЫН КЕЗ ЕМЕС



ТАҚЫРПҚА ОРАЙ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Париж қаласында өткен XXXIII жазғы Олимпиада ойындарындағы жоғары спорттық жетістіктері үшін Ұлттық құраманың бір топ спортшысы мен бапкері мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың қатарында алматылық спортшылар да бар. Олимпиаданың күміс жүлдегері Нариман Құрбанов және Олимпиаданың қола жүлдегері Ғұсман Қырғызбаев «Парасат» орденімен, ал Олимпиаданың қола жүлдегерлері Назым Қызайбай, Александра Ле, Ислам Сәтпаев «Құрмет» орденімен наградталды.

арнаған гимнастиканы тастау ақымақтық екенін түсіндім. Алты жасымнан бастап, басқалар ойнап жүргенде мен залда жаттығу жасадым. Сонда оның бәрі бос кеткені ме? Кейде гимнастиканы жек көрдім. Өйткені, әкем маған жаттығу жасатып қана қоймай, осы спорт туралы күні бойы айтатын. Түптеп келгенде, мен гимнастикадан кішкене болсын демалуым үшін спортты тек қана залда талқылауға келістік. Сонымен қатар, әкем күн тәртібін сақтап, 6-да тұрып, кешкі 11-ден кеш ұйықтамауымды қадағалады. Көп



жылдар бойы мен осы күн тәртібін сақтап келемін.

– Бала кезіңізден бері төгілген тер еш кеткен жоқ, солай емес пе?

– Әрине. Бір күні мен қолымнан не келетінін көрсетемін деп шештім. Нәтижесі төмен, жарыстарға бара бермейтін спортшылардың қатарында жүре бергім келмеді. Өзімді қолға алып, бар ынта-жігеріммен жаттыға бастадым. Сөйтіп, алғашқы жарысыма демеушілердің көмегімен барып, жақсы нәтиже көрсеттім. Соның арқасында мені

Ұлттық құрамаға шақырды. Спорттық мансабымдағы алғашқы алтынды Австралияда өткен Әлем Кубогының кезеңінде жеңіп алдым. Бұған дейін мұндай биікке жете аламын деп ойламадым. Бұл нәтижеден кейін жеңіске деген құштарлығым арта түсті.

Иә, қазір мен жеткен жетістіктеріме қуаныштымын. Бірақ бұл бүгінгі нәтижеге масаттанып отырамын деген сөз емес. Маған демалысқа уақыт берілді. Осы кезде үйге жөндеу жұмыстарын істеп, сосын үйленсем деймін. Одан кейін қайтадан жаттығу, жаттығу және жаттығу болады. Әкем айтқандай: «біз Олимпиада жүлдесін ұмытып, жаңа жеңістерге дайындығымызды бастаймыз».

– Шаңырақ көтеріп, отбасылы адам болуыңыз сізді спорттан алыстатады деп қорықпайсыз ба?

– Мұндай ойлар Париждегі Олимпиада ойындарына дейін болды. Сондықтан да сүйіктім Аидадан мені күте тұруын өтіндім. Айтпақшы, ол да гимнаст. Біз бала кезімізде бірдей жарыстарда өнер көрсетіппіз, бірақ бір-бірімізді танымадық. Арамыздағы сезім есейген кезде пайда болды. Ол Астанада, мен Алматыда тұрсақ та, жақын болдық. Ал енді тойға дайындалып жатырмыз. Шаңырақ құруым – маған еш кедергі болмайды, қайта отбасымның алдындағы жауапкершілік мені күшейте түседі. Оған қоса, болашақ жарым әрдайым маған қолдау білдіреді, сондықтан мен оған алғыс айтамын.

– Әкеңіз секілді сіз де болашақта балаларыңызды спортқа апарасыз ба?

– Шынымды айтсам, бұл туралы мен де біраз ойланып, оларды спортқа бергім келетінін түсіндім. Егер спорттық гимнастикаға қызығып, жақсы нәтиже көрсетсе – онда тамаша. Ал егер олай болмаса, спорт бәрібір олардың дені сау, мықты болып өсулеріне көмектеседі. Ата-аналар балаларын осы үшін де спортқа береді емес пе?

– Спорттан бос уақытыңызда немен айналысасыз, қандай хоббиіңіз бар?

– Әдетте, біз аптасына бес рет 4 сағаттан жаттығу жасаймыз, яғни таңертең екі сағат және кешке екі сағат. Егер бос уақытым болса, оны көбіне жақындарымның қасында өткіземін. Сондай-ақ, кітап оқығанды жақсы көремін. Мотивациялық кітаптар, әдеби кітаптар да ұнайды.

Әсіресе, даңқты спортшылар өмірбаяны шабыттандырады. Джима Афремовтың «Чемпион санасы» кітабын ерекше атап өте аламын. Өте пайдалы кітап. Туындының ішінен көптеген жақсы идеяларды алуға болады.

Бетті әзірлеген
Досбол АТАЖАН.



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ

өзгерістер мен жаңалыққа толы



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

Тәуелсіз зерттеулер жүргізілмейді

Қашаннан еліміздің білім беру жүйесінің мәселелері бір сәтке толастаған емес. Ел тарихына көз салсақ, ең көп өзгеріске ұшырайтын да осы сала екен. Алысқа бармай-ақ, еліміз Тәуелсіздік алғалы осы сала бойынша 13 адам министр болып, орынтағын ауыстырған екен. Әрбір министр өзінше жаңалық ала келгісі келеді. Содан да болар, олар жаңа реформалар енгізу арқылы білім сапасын жақсартуға тырысты. Соған қарамастан, білім саласы әлі күнге дейін өзекті мәселелерден арылмай келеді. Осы күнге дейін кадр жетіспеушілігі, білімнің сапасыздығы, мұғалімдердің басы артық жұмысы, мектептердің жетіспеушілігі, асханадағы тамақ сапасы, сырттағы дәретхана дейсіз бе, айтар әңгіме толып жатыр.

Еліміздің білім саласында әлі күнге кадрдың тапшылығы сезіледі. Нақты дереккөздердің мәліметінше, еліміздегі 500-ден астам мектепте директорлар жетіспейтін көрінеді. Көп жерлер мұны әртүрлі мысалмен түсіндіреді. Ең бастысы, басшылық қызметті атқаратын білікті маманның жетіспеушілігі. Әрі жауапкершілік жүгін көтеру жағы бар. Әріне, мамандардың жетіспеушілігі дегеніміз – қазіргі ең күйіп тұрған өткір проблемалардың бірі. Тіпті, қажетті маманның болмауына байланысты оқу сабақтарын басқа мамандығы бар мұғалім жүргізетін де жағдайлар кездесіп жатады. Мысалы, филолог, биология, физика-математика, химия және т.б. мамандық иелері басқа сабақтарды жүргізеді. Сондықтан бұл мәселені кешенді түрде шешу қажет.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі таңда мұғалімдердің тапшылығына бірнеше рет назар аударып, әрбір бесінші түлектің өз мамандығы бойынша жұмысқа орналаспайтынын атап өтті.

«Бүгінде елімізде 5 мың педагог жетіспейді, бұл көрсеткіш әлі де өсіп келеді. Сонымен қатар, педагогикалық мамандықтардың әрбір бесінші түлегі мамандық бойынша

жұмысқа орналаспайды. Сонымен қатар, мұғалімдердің тек 23 пайызы ғана жоғары санатқа ие», – деді Мемлекет басшысы.

Қазіргі заманғы қазақстандық білім берудің жай-күйіне байланысты көптеген сын айтылып жатады. Бұл ретте бастауыш мектеп, жалпы орта білім беретін мектеп, арнаулы орта оқу орындары және жоғары білім мұғалімдері, оқушылар және олардың ата-аналары тарапынан жиі шағымның айтылып жүргені жасырын емес. Бұған басты себеп – біздегі білім беру сапасына зерттеулер жүргізілмейді. Білімі сапасыз елдің экономикасы да әлсіз келеді. Ол мемлекет күрделі өндіріс құра алмайды, экономиканы әртараптандыра алмайды. Қысқасы, бізде білім беру сапасы мен жай-күйі бойынша іс жүзінде тәуелсіз зерттеулер жүргізілмейді. Біздің білім саласындағы бір ғана ҰБТ қорытындысы нақты сапа бола алмайды. Тіпті, мектеп қабырғасында тапсыратын емтихандарды сапаның нәтижесі деп айтудың өзі заңсыз болар еді.

Мұғалімдер біліктілігін арттыру керек

Әлгіде, маман тапшы дедік, сонда оқу орнын бітірген түлектер қайда жүр? Олардың 50 пайыздан астамы алған мамандығы бойынша жұмыс істемейді. Мәселен, 2022 жылы US News & World Report бойынша білім беру үшін үздік елдер рейтингінде Қазақстан 78 елдің ішінен 71-орынды иеленді. Дегенмен, әлі де оқытушы орнының тапшылығы туралы мәселе нақты шешілмей отыр. Жаңа оқу жылы қарсаңында олардың тапшылығы бүкіл ел бойынша 270 мыңнан асып кетті.

Қазіргі кезде педагогтардың біліктілігі туралы да көп айтылып жүр. Білім саласындағы ең маңызды мәселелердің бірі мұғалімдердің біліктілігі мен құзыреттілігі екені белгілі. Көбіне жас мұғалімдердің білім сапасына сын айтылып, олардың қажетті білімге ие емес екенін баса айтып

жатыр. Сондықтан олардың біліктілігін жұмыс орнында арттыру керек.

Жоғары оқу орындарының студенттеріне грант алу шегі көтерілді, стипендия көтерілді. Мұғалімдердің жалақысы да өсті, ең бастысы «Педагог мәртебесі туралы» заң қабылданып, жүзеге асып жатыр. Қысқасы, мұғалім мамандығының беделі артты. Ендігі мәселе – сапалы жұмыс жасау. Дегенмен, жас маманның жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін бірден мұғалім болуы мүмкін емес. Ол ең алдымен тәуелсіз сертификаттаудан өтіп, оқушылармен жұмыс істеуге дайын екендігін дәлелдеуі қажет. Біз көбіне білім сапасына сын айтумен шектелеміз. Бұл арада оқулықтың мазмұны, сапасы да басты назарда болуы керек. Білім беру мазмұнына қатысты көптеген сұрақтар туындамауы үшін оқулық пен оқу құралдарын ғалымдар мен мамандар жазу керек.

Сонымен қатар, Оқу-ағарту министрлігі 2024 жылға арналған мектепке дейінгі білім беруді дамытудың негізгі жоспарларын жария еткені белгілі. Сөтін салса, биыл Қазақстанда 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен 92,5 пайызға дейін қамту жоспарланып отыр. Мәселен, 2024 жылдың қаңтар айынан бастап Қазақстанда мектепке дейінгі ұйымдарға жолдама беру мен кезектілікті есепке алудың бірыңғай базасы енгізілді. Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты жеке ЕҰ-ға орналастыру және қолданыстағы ЕҰ-дағы орындарды кеңейту есебінен жаңа 77,4 мың орын құрылып жатыр.

Биылғы оқу жылында бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарларына өзгерістер енгізілді. Мәселен, көркем еңбегі бар сыныптарда сағат саны екі есеге – 68-ден 34 сағатқа дейін азаяды. Бейнелеу өнері мен еңбекке баулу сағаттарының саны жылына 67-ден 101 сағатқа дейін ұлғайтылады. Жаратылыстану сабақтарының сағаттары азайып, 203 сағаттың орнына 169 болды. Сонымен қатар, осы жылы барлық қазақстандық оқулықтарды цифрландыру аяқталды. Бұған қоса, 2024–2026 жылдары «Жайлы мектептер» жобасы бойынша 740 мың орынды 369 мектеп салынып жатыр.

Биыл оқушылардың демалыс уақыты 115 күнді, оқу жылында – күзде, қыста және көктемде кемінде 25 күнді құрап отыр. Ал бірінші сынып оқушылары үшін үшінші тоқсанда қосымша демалыс аптасы беріледі.

Маңызды жыл болғалы тұр

Биыл елімізде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімге қол жеткізу жоспарлары жүзеге асырылып жатыр. Бұл ретте Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің биылғы жылды маңызды болады деп мәлімдеуі текке емес сияқты. Осы жылы ел азаматтарының жоғары білімге қол жеткізуін қамтамасыз етудің қосымша тетігі болатын «Келешек» жинақтаушы жүйесі іске қосылып, оның шеңберінде балаға арнайы шот ашуға болатын болды.

Мәселен, оған мемлекет 60 АЕК мөлшерінде бастапқы білім беру капиталын енгізеді. Міне, осылайша ата-аналардың ерікті жарналары, 5–7 пайыз мөлшерінде жыл сайынғы мемлекеттік сыйлықақы және инвестициялық табыс есебінен қаражат жинақтала бастайды. Ата-аналар тарапынан ең аз жинақталған жағдайда 1 АЕК – бұл шотта бала түскен кезде мемлекеттік сыйлықақыны, бастапқы капиталды, сақтандыру схемасын, банктер тарапынан инвестициялық кірістерді ескере отырып, шамамен 4-4,5 миллион жинақталатын болады. Осы жылдың тағы бір үлкен жаңалығы – 1 және 2 пайыздық жеңілдікті несиелер беріле бастады.

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

ТЕМІРЖОЛ

Қосымша маршруттар қатынайды

Енді аз күнде, яғни 23 тамыздан бастап Ақтау–Алматы бағытында 360 орынды 8 қосымша жолаушылар вагоны қатынайтын болады.

Атырау–Алматы бағытына төрт күнге 3 вагон қосылады – 16, 18, 20 және 22 тамызда, бұл орындар санын 540-қа арттырғалы отыр. Көлік министрлігінің баспасөз қызметіметінің мәліметінше, оқу жылының басталуы қарсаңында Батыс өңірінің студенттерінен түсетін жоғары сұранысты ескеріп, ҚР Көлік министрлігінің Теміржол және су көлігі комитеті Ақтау және Атырау қалалары-

нан Алматы қаласына дейінгі қосымша маршруттарды іске қосу туралы шешім қабылдаған көрінеді.

Сондай-ақ, жаз маусымында кондиционерлері бар жаңа вагондар ел аумағы бойынша әртүрлі бағыттарға тартылғандығына байланысты, жоғарыда аталған вагондарда кондиционерлеу жүйесі жоқ. Сол үшін Теміржол және су көлігі комитеті студенттерден қолайсыздықтар үшін алдын ала кешірім сұрап отыр. Ендігі жерде студенттер билеттерді Ақтау және Атырау қалаларындағы вокзалдардан сатып ала алады. Сұраныс артқан кезде көлік министрлігі қосымша вагондарды қосуды қарастыруға дайын. Биыл жаңа вагондар парккі 140 бірлікке жаңартылады, ал келер жылы тағы 226 вагон келеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖОБА

«ЦИФРЛЫҚ МҰҒАЛІМ»

Білім беру ұйымдарында 2024 жылдың қыркүйегінде жаңа жоба басталады

Бұл жоба әлеуметтік осал топтардан шыққан оқушыларға қорытынды емтихандарға дайындалуда қолдау көрсетуге бағытталған, – деп хабарлады ҚР Оқу-ағарту министрлігі.

Оқушыларға цифрлық оқу материалдары мен қосымша сабақтарға қолжетімділік беріледі. Осы мақсатта әлеуметтік осал отбасылардан шыққан балаларға арналған «Цифрлық мұғалім» жобасын іске асыру бойынша



Жол картасы әзірленді. Жоба бойынша ел аумағында 2000-ға жуық оқушы қамтылады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ortcom.kz)



СЕРГЕКТІК МЕКЕНІ

АЛМАТЫЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР әлемді бағындыруда

Иә, алматылық зейнеткерлер Италия, Түркия, Қырғызстанда өткен халықаралық байқаулардан табыспен оралды. Біздің қарттардың белсенді, сергек, әлі де тың екеніне қуаныштымыз. Осы орайда мегаполисте зейнет жасындағы адамдарды мәдени, шығармашылық, спорттық және іскерлік өмірге әлеуметтендіру, олардың физикалық және психикалық денсаулығының ұзақтығын арттыру үшін «Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары» жұмыс істейтінін де айта кетейік.

саласына атсалысуға, олардың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік берді.

Жаздың бірінші жартысында қалалық «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» бірқатар маңызды іс-шара ұйымдастырды. Қуанышты жаңалық сол, орталықтың шығармашылық ұжымдары халықаралық байқаулар мен фестивальдердің жеңімпаздары атанды. Мәселен, «Dancing Queens» би ансамблі «Astana smart dance» халықаралық би байқауына қатысып, Астанада бас жүлдені қанжығасына байлады.

«Алматы әжелері» модельдер тобы болса Қырғызстандағы халықаралық этно-фестивальде 1-орын иеленді. Этностильдегі жарқын киімдер, талғампаз жастағы әйелдердің дефилесі, алматылық әжелер көрсеткен ұлттық әшекейлер көрермендердің көңілінен шықты. Бұл топтың құрылғанына биыл бір жыл болды. Осы уақыт ішінде «Алматы әжелері» 26 рет өнер көрсетті. Жас модельдері Италиядағы халықаралық сән апталығына, Түркиядағы этнофестивальге қатысты. Ал «Айналайын асыл әже» ансамблі Ташкенттегі халықаралық өнер фестивалінде бас жүлде алды.

Тақырыпқа орай айта кетсек, алматылық әрбір зейнеткер «Алматы қаласының белсенді ұзақ өмір сүру орталығына» және оның бөлімшелеріне жүгіне алады. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз және зейнетақы куәлігіңіз болуы қажет. Жалпы, шаһарда барлығы 15 «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» жұмыс істейді. Барлық сегіз ауданда да есігі айқара ашық. Бізге өмірден көрген-түйгені мол жандардың барлық ісі үлгі.

АЛМАТЫДА БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Орталықтарда мынадай жаттығулар тегін



Йога



ЕДШ



Би



Бейнелеу өнері



Скандинавиялық серуендеу



Айкуне



Вокал



Шахмат

АЛМАТЫДА БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҒЫНА ҚАЛАЙ КІРУГЕ БОЛАДЫ

«Алматы қаласының Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ және оның бөлімшесіне Алматы қаласының мына жастағы әрбір зейнеткері жүгіне алады:



61+

әйел



63+

ер

Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз және зейнетақы куәлігіңіз болуы керек.

@cad_almaty

cad-almaty.kz

8 707 225 23 29



ТІРКЕУ, САБАҚ ЖӘНЕ КЕҢЕС АЛУ ҮШІН ТӨМЕНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН МЕКЕНЖАЙҒА ЖҮГІНІҢІЗ:

Қалалық БҮӨСО: Мәуленов көшесі, 46а
Медіеу ауданы БҮӨСО КММ бөлімшесі: Төле би көшесі, 24 б.

Бостандық ауданы БҮӨСО КММ бөлімшесі: Сейфуллин даңғылы, 597
Бостандық ауданы, Балуан Шолақ БҮӨСО КММ бөлімшесі: Абай даңғылы, 44

БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУДІҢ АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫ:

Алматы ауданы: Желтоқсан көшесі, 29

Әуезов ауданы: Тастақ-1 ш/а., 3 үй

Алатау ауданы: Атлетикалық ауыл, Нұркент-5 ш/а., 22 корпус

Жетісу ауданы: Айнабұлақ-2 ш/а., 32/2

Медіеу ауданы: Жангелдин көшесі, 31

Медіеу ауданы: Думан ш/а., Болашақ көшесі, 12

Әуезов ауданы: Аманжол, 12а

Бостандық ауданы: Шүкенов көшесі, 66а

Наурызбай ауданы: Қалқаман-2 ш/а., Әшімов көшесі, 299

Жетісу ауданы: Кемел ш/а., Есім хан, 127 а

Түркісіб ауданы: Поддубный көшесі, 65

@cad_almaty

cad-almaty.kz

8 707 225 23 29



ӘЛЕУМЕТПЕН БІРГЕМІЗ!

Шаһарда жыл басынан бері 36 мыңнан астам жұмыс орны ашылды

Халықты жұмыспен қамту мәселесі күн тәртібінен түспек емес. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифингте Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Бауыржан Жаубасов мәлімдеді. Айтуынша, мегаполисте жұмыссыздық деңгейі төмендеген.

Мемлекеттік гранттар

«Биылғы 7 айда жұмыс іздеп жүрген 43,5 мың алматылық Еңбек мобильділігі орталығына жүгініп, олардың 33 мыңы жұмыссыз мәртебесін алды. Жалпы, осы кезеңде 31 мың адам жұмыспен қамтудың белсенді іс-шараларына тартылып (16 млрд теңге бөлінді), оның ішінде тұрақты жұмысқа 4,4 мың адам, субсидияланатын жұмыс орындарына 9,8 мыңы орналастырылды», – деді спикер.

Enbek.kz платформасында «Бастау Бизнес» жобасы бойынша және дағдыларға оқытудан 2 мың адам өтті. Ісін жаңа бастаған 177 кәсіпкер 1,5 млн теңгеден мемлекеттік гранттар алды, олардың негізгі үлесін немесе 68%-ын (120 адам) көпбалалы отбасылар құрайды, сондай-ақ 46-сы мүгедек адамдарға қарайласып, мүмкіндігі шектеулі балалар тәрбиелеп отырған отбасылар.

ОҚК спикері атап өткендей, қысқа мерзімді оқытуға жолдама беру маусым айынан басталды. Бүгінгі күні 358 жұмыссыз оқып жатыр. Бітірген соң жұмысқа орналастырылады. Иә, оқу орталықтары (17 кәсіп бойынша 25 оқу орталығы) білім алушылардың кемінде 60%-ын жұмысқа орналастыруға міндетті.



Осылайша қалада жұмыссыздық деңгейі І тоқсанда 5%-дан 4,7%-ға дейін төмендеді, бұл республика бойынша көрсеткішпен тең дәрежеде.

Зейнеткерден – тәлім

Б.Жаубасов Алматыда зейнеткерлерді де жұмысқа орналастыру бағдарламасы іске қосылғанын атап өтті.

«Бұрын да айтқанымдай, біз зейнеттегі адамдарды жұмыспен қамту бойынша тең жағдайлар жасау, олардың белсенді құшақуатын қолдау, өмірлік тәжірибелерін пайдалану мақсатында жаңа бағдарлама енгіздік. Еңбегіне ақы төлеу екі көзден жүргізіледі: қала бюджеті қаражаты есебінен 85 мың теңгеден аспайтын субсидиялау, сондай-ақ жұмыс берушінің есебінен белгіленген жалақы мөлшерінің кемінде 50% мөлшерінде. Бүгінгі күні 200-ге жақын зейнеткер жұмысқа орналастырылды, жылдық жоспарымыз – 500 адам», – дейді Бауыржан Жаубасов.

Жалпы, 2024–2026 жылдарға арналған

бұл бағдарлама 1,5 мыңға жуық зейнеткерді қамтуды көздеп отырған көрінеді.

Қолдап, қорғауға зәру

Алматыда 190 мыңға жуық адам әлеуметтік қолдау іс-шараларымен қамтылған. Бұл туралы да спикер тарқатып айтып берді. Жалпы, өткен кезеңде әлеуметтік көмек түрлерін 5,4 млрд теңгеге 189 мың адам алған.

«Аз қамтылған халықты қолдау бағыттарының бірі – әлеуметтік көмектің 20 түрін көрсету. Әлеуметтік көмектің негізгі алушылары – ардагерлер мен оларға теңестірілген адамдар, жалғыздікті зейнеткерлер, мүгедектігі бар адамдар, өмірлік қиын жағдайға тап болған жандар, әлеуметтік маңызға ие сырқатқа шалдыққандар», – деді Бауыржан Жаубасов.

Атаулы көмек төленді

ОҚК спикері қай отбасыларға коммуналдық қызметтерді ішінара төлеуге көмек көрсетілетінін де айтты.

«Коммуналдық қызметтерге тарифтердің өсуіне байланысты «Инвестицияларға тарифтерді айырбастау» бағдарламасы шеңберінде былтырғы шілдеден бастап азаматтардың жекелеген 9 санатына 0,5 АЕК мөлшерінде әлеуметтік көмек төленді. Биыл аталған әлеуметтік көмектің мөлшері 0,8 АЕК-ке дейін ұлғайтылды. Төлемдерді 140 мыңнан астам адам алды. Бүгінгі күні аталған көмек бойынша төлемдер аяқталды», – деді Б.Жаубасов.

Жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен отбасыларға көрсетілетін атаулы әлеуметтік көмекті 2536 отбасы (12 859 адам) алды. Кедейлік шегі тоқсан сайын ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70% мөлшерінде айқындалады. 2024 жылғы 3 тоқсанда ең төменгі күнкөріс шегі – 53 032 теңге, кедейлік шегі – 37 122 теңге. Аз қамтылған отбасыларға газ жабдықтарын, су мен газды есепке алу құрылғыларын жүргізуге және орнатуға, мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындар да өтеледі дейді спикер.

«Инватакси» игілігі

Алматыда мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдауға биыл 16,8 млрд теңге бөлінді. Айта кететіні, бұл бағытта бөлінетін қаржы көлемі жыл сайын артып келеді. Шаһарда мүгедектігі бар 57,7 мың адам тұрады, оның ішінде 9526-сы 18 жасқа дейінгі балалар. Жеке реабилитация және оңалту бағдарламасының әлеуметтік бөлігіне сәйкес техникалық құралдармен және оңалту қызметтерімен қамтамасыз етуге 35 123 мүгедек адам жүгінген. Олардың 23 170-і қажетті оңалту құралдарымен және қызметтерімен ойдағыдай қамтамасыз етілген.

«Оңалту құралдарымен қамтамасыз ету әлеуметтік қызметтер порталы арқылы жүзеге асырылады. Порталда қажетті құрал болмаған жағдайда көрсетілетін қызметті алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес мемлекеттік сатып алу арқылы баламалы қамтамасыз етуді таңдауға құқығы бар», – деп атап өтті Б.Жаубасов.

«Бұл қызметті өткен жылдың шілдесінен бастап «Яндекс такси» агрегаторы арқылы жүзеге асыру бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Нәтижесінде такси қызметін ауадай қажет ететін мұқтаж жандарды 1,5 мыңнан 2,5 мың адамға дейін ұлғайтуға қол жеткіздік. Қызмет алушылар санатына көру қабілеті бұзылған және аутизм бар балалар кіреді», – деп атап өтті Б.Жаубасов.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

Бүгінде елімізде екі дөңгелекті көлік саны қарқынды түрде көбейіп келеді. Астана, Алматы және Шымкент секілді ірі мегаполистердің көшелерінде көз ілеспес жылдамдықпен зырылдап жүрген мопедтер мен электрлі скутерлер секілді шағын көліктерге көзіміз де үйренген.

Бірақ, өкінішке қарай, осындай көлікті тізгіндегендер арасында жол апаты жиі тіркеліп жатқаны да жасырын емес. Өлім-жітіммен аяқталып жатқан сәттер де аз емес. Дәрігерлер де осы жағдайға қатты алаңдайды. Ал ел билігі осындай көлік жүргізушілеріне жол үстіндегі апаттар санын азайту үшін түрлі ереже, талаптар мен шектеулер енгізуде.

Алматыдағы №4 қалалық клиникалық ауруханасының травматологтары дәл осы мопед, скутерлерден зардап шеккен талай адамды аяғынан тұрғызып жатыр. Иә, өкінішке қарай, аталған аурухананың қабылдау бөлімшесі мен травматологтардың кабинетінің алдындағы күнделікті ұзын-сонар кезек қалада жол-көлікке қатысты апаттық жағдайдың аз еместігін көрсетеді.

Аурухана табалдырығынан аттайтын барлық пациенттің шамамен үштен бірі – апаттан зардап шеккендер. Қабылдау бөлімшесінің дәрігер-травматологы Елнұр Оңғаровтың айтуынша, бұл ауруханаға күніне мопед пен скутер тізгіндеп келе жатып жол-көлік оқиғасына ұшыраған 10–20 адам келіп түседі. Мұндай апаттардан мүгедектік қамытын киіп қалып жатқандар да, тіпті мерт болғандар да аз емес.

«Жақында ғана, осыдан бір-екі ай бұрын 30 жастағы науқас келіп түсті. Мопедпен Toyota Land Cruiser машинасының астында қалған. Көп жері сынған. Жалпы, адамның 200-ден астам сүйегі болса, оның 70-ке жуық сүйегі сынған. Ол қазірдің өзінде есінен танып жатыр, яғни клиникалық өлім кезеңін бастан кешуде. Ол сағат кешкі 6-да келіп түсті. Таңғы 5-ке дейін оны құтқару

МОПЕД ПЕН СКУТЕР

тізгіндегендер арасында жол апаты жиі тіркеледі



(Сурет: ашық дереккөзден)

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Салтанат ӘЗІРБЕК,
Алматы қаласы Полиция департаментінің ресми өкілі:

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨЗДЕЛГЕН

Алматыда жол қозғалысы ережелерінің сақталуын қамтамасыз етуге және балалар мен басқа да жаяу жүргіншілердің жол бойындағы қауіпсіз жүріп-тұруын ұйымдастыруға бағытталған профилактикалық іс-шаралар жүргізілуде. Жыл басынан бері қалада балалар себепші болған 623 жол-көлік оқиғасы тіркелді.

Ата-аналарды балаларына жолды дұрыс кесіп өтуді үйретуге, самокаттар мен мопедтерді тізгіндеуге рұқсат бермеуге шақырамын. Ересектердің өздері балаларға дұрыс жүріп-тұрудың үлгісін көрсетуі маңызды. 16–18 жас аралығындағы кәмелетке толмағандарға жол бойында электрлі самокаттарды жүргізуге заңмен тыйым салынған. Бұл Алматы полициясы көліктің баламалы түрлерін басқаратын адамдар, оның ішінде кәмелетке толмағандар арасында белсенді түсіндіру жұмыстарын жүргізуді жалғастыруда. Шаһарда жыл басынан бері мопедтердің кесірінен 359 жол-көлік оқиғасы болған, салдарынан 364 адам түрлі дене жарақаттарын алып, 6 адам көз жұмған. Ал электрлі самокат мінгендер арасында 47 жол-көлік оқиғасы тіркеліп, 51 адам түрлі дене жарақатын алған.

Жыл басынан бері жол қозғалысы ережелерін бұзғаны үшін 15 мыңнан астам мопед жүргізушісі, сондай-ақ самокат тізгіндеген 12 мыңнан астам адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

СӘТТИ ОТА

ЖЫЛДАН ДА
ҰЗАҚ, ЕКІ АЙОн мың вольтты ток соққан жігіт
аман қалды

Электр монтаждаушысы болып жұмыс істейтін Аянды көктемде Абай облысы Алакөл ауданындағы учаскеде жұмыс істеп жүргенінде ток соғады. Алғашқы он күнін жергілікті Алакөл орталық аудандық ауруханасының жансақтау бөлімінде өткізеді. Кейін жағдайы тұрақталған соң Алматыдағы тиісті деңгейде көмек көрсете алатын күйік бөлімі мамандары бар №4 қалалық клиникалық ауруханаға жеткізілген.

Комбустиологтар оған «электр тогының әсерінен болған 2-дәрежелі электр жарақаты, білек, қол, іштің алдыңғы қабырғасы, табанның IV дәрежелі электрлік күйігі» диагнозын қойды.

«Науқас туыстары мен реаниматологтың сүйемелдеуімен №4 қалалық клиникалық аурухананың қабылдау бөліміне жет-

кізілді. Оны көпбейінді дәрігерлер бригадасы – травматолог, реаниматолог-анестезиолог, терапевт жан-жақты тексеріп, күйік бөліміне жатқызыды. Білек пен қолдың төменгі үштен бір бөлігінде күйік жаралары, екінші саусақтың некроз аймақтары, сол жақта алдыңғы іш қабырғасы аймағында күйік жаралары, оң табан аймағында медиальды бетінде және сол табанның бүйір бетінде электрлік күйік іздері анықталды. Науқастың жағдайы тұрақты және ауыр деп бағаланды», – дейді бөлім меңгерушісі, дәрігер-комбустиолог Елдос Әлменов.

53 күн ем, теріні ауыстыру бойынша 5 «бір мезгіл аутодермопластикамен кешіктірілген некрэктомия» пластикалық ота жасалған. Жарақат алған кезде сол және оң қолдың сұқ саусақтарының демі бітті, бірақ хирургтар қолды инфекцияның таралуынан құтқарып, қалған саусақ фалангтары мен табанды ампутациядан сақтай алды.

Электромонтер Аян абайсызда тап болған жазатайым оқиғаға өзін ғана кінәлайды. Өмір үшін ұзақ күрескен ол ауруханадан өз аяғымен шықты.

ПАЙДАЛЫ ДӘРІС

«АНА МЕКТЕБІ»

жүкті әйелдердің еш ауырлықсыз,
жақсы босануына көмектеседі

Шаһардағы №2 қалалық перинаталдық орталықта ерекше кеңістік құрылды. Онда әрбір болашақ ана медициналық ғана емес, сонымен қатар психологиялық қолдау табады. Дәлірек айтсақ, бірнеше жылдан бері «Ана мектебі» табысты жұмыс істеп келеді. Онда тәжірибелі мамандар әйелдерге өміріндегі ең маңызды оқиғаға – баланың дүниеге келуіне дайындалуға көмектеседі.

Иә, ана мектебі жұмысының негізгі бағыттарының бірі – психологиялық қолдау. Мұнда қамқорлық пен сенім жағдайында әйелдер алдағы босануға байланысты толқулар мен қорқыныштарды жеңуге көмектесетін қажетті көмек пен білім ала алады. Ақыр соңында, болашақ ананың эмоционалды жағдайы жүктілік пен босану процесіне тікелей әсер ететінін бәрі біледі. Орталықтың жетекші мамандарының бірі – көп жылдық тәжірибесі бар психолог Сәуле Қайратқызы әр сабаққа ерекше назар аударып, әйелдерге өзіне және өз күштеріне деген сенімділікті арттыруға көмектесетін практикалық әдістерге баса назар аударады.



Ол сабақтар барысында теориялық білімімен ғана емес, тыныс алу жаттығулары, релаксация және визуализация әдістері сияқты пайдалы әдістермен де бөліседі. Бұл әдістер болашақ аналарға демалуға, стресс деңгейін төмендетуге және босануға оң көзқараспен дайындалуға көмектеседі. №2 Алматы қалалық перинаталдық орталығы мен «Ана мектебі» пациенттеріне осындай маңызды және қажетті қолдауды ұсына алатынын мақтан тұтады. Болашақ аналар тек білім ғана емес, сонымен бірге өз күштеріне сенеді. Ал бұл күш-қуат, сенім оларға болашақ сабиімен қуана қауышып, бауырына мейірлене басуына мүмкіндік береді.

Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



КӨГАЛДАНДЫРУ

ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК
КҮТІМІНЕ ЕРЕКШЕ
МӘН БЕРІЛЕДІ

Жыл сайын Экология және қоршаған орта басқармасы биологиялық өңдеуді төрт кезеңде жүргізеді. Алғашқы үш кезең осы жылдың мамырынан шілдесіне дейін өтті. Төртінші кезең бір айға созылады, күн ашық кезде өңделеді.

Ағаштың жағдайын жақсарту, сақтау және әртүрлі зиянды организмге төзімділігін арттыру үшін Алматы қаласында жасыл желектерді биологиялық өңдеу жұмыстары жүргізілуде. Жақсы әсер ету және тиімділікті арттыру үшін бұл түнгі уақытта, жауын-шашын жоқ кезде сағат 23.00-ден 05.00-ге дейін жүргізіледі.

Бұл жұмысқа климаттық факторды ескере отырып, ҚР аумағында қолдануға рұқсат етілген және адамға, құс пен жануарға зиянсыз, қауіпсіз аз сертификатталған биологиялық және кейбір жағдайда химиялық препараттар (П-4) пайдаланылады.

Жалпы, жапырақ жейтін зиянкестер мен саңырауқұлақ ауруларының қоздырғыштарына қарсы 2,3 миллионнан астам ағаш өңдеу жоспарланған. Зиянкестер мен аурулардың биологиясының ерекшеліктеріне сүйене отырып, өңдеу түнде және таңғы уақытта жүргізіледі.

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы.



МЕРЕКЕ

Қаламызда 14 пен 35 жас аралығында 695,6 мың жас тұрады. Жастар күні 1999 жылдан бері 12 тамызда бүкіл әлемде тойланады. Бұл жастарға, олардың жетістіктері мен әлеуетіне арналған ерекше күн.

Халықаралық Жастар күніне орай және «Жастармен бірге» ұлттық жастар онкүндігін өткізу аясында Көктөбеде Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының және қалалық әкімдіктің жобалық кеңсесінің қолдауымен Жастар саясатын дамытудың мемлекеттік қоры ұйымдастырған JAS FEST 2024 open air фестивалі өтті.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

СӘБИТ МҰҚАНОВ САЯБАҒЫ
АБАТТАНДЫРЫЛДЫ

Алматының Алматы ауданында «Халық қатысатын бюджет» («ХҚБ») бағдарламасы бойынша Сәбит Мұқанов атындағы саябақ абаттандырылды.

Төле би мен Мұқанов көшелерінің қиылысындағы жайлы әрі шағын скверде жаңа балалар ойын алаңы, орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылды, сыртқы жарықтандыру жаңғыртылып, жаңа көгалдарға автоматты суару жүйесі тартылды, жаяу жүргіншілер аймақтары жаңарды. Сквер соңғы рет 2016 жылы бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында жөнделген.

Ескерткіштің жанындағы басты аллеядағы абаттандырылған скверде «Сәбит



ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ

ЗАҢСЫЗ САЛЫНҒАН

Ірі бизнес-орталықтың бір қабаты
сот шешімімен сүрілді

Алматы қаласының Қала құрылысын бақылау басқармасының хабарлауынша, Мұратбаев көшесі, 63 мекенжайында орналасқан Parasat бизнес-орталығының үшінші қабаты мен мансард қабаты заңсыз салынған.

Бұған дейін «Parasat Samex Co LTD» ЖШС иесіне жоспардан тыс тексеру жүргізу барысында ҚР ӨҚБТК 316-бабының 1-бөлігі және 321-бабы бойынша шара қабылданып, үшінші қабат пен мансарданы бұзу туралы бұйрық берілген.

Алайда, меншік иесі бұл талаптарды орындамағандықтан, материалдар сотқа жіберілді. Былтыр 24 қазанда Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен басқарманың бұйрықты мәжбүрлі түрде орындау туралы талап-арызы қанағаттандырылды. Меншік иесі құрылымды Әділет департаментінің сот орындаушыларының қатысуымен өз бетінше бұза бастады.

Еске салайық, Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың заңсыз құрылысқа бақылауды күшейту тапсырмасы аясында өткен жылдың басынан бері «Мечта», КХАН, «Алма Гарден» тұрғын үй кешендері және басқа да 44 заңсыз нысан толығымен немесе ішінара сүрілді.

JAS FEST 2024 OPEN AIR
фестивалі өтті

Іс-шараға 3000-нан астам адам, оның ішінде комьюнити-орталықтар мен YEY өкілдері, еріктілер мен қала белсенділері қатысты.

Іс-шараның негізгі мақсаты – Халықаралық жастар күнін мерекелеу аясында, қала жастарының басын қосып әдемі кеш өткізу дейді ұйымдастырушылар.

Алматы қаласы жастар саясаты басқармасы жастарды қолдауға түрлі жобаларды жүзеге асырып келеді. Мәселен, биыл 3–12 тамыз аралығындағы «Жастармен бірге» ұлттық онкүндік аясында Алматыда жастарға 60-тан астам әртүрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылды.

«Бүгін осы фестивальге достарыммен келіп ерекше сезімге бөлендім. Жастар күнін

қалада осылай атап өтіп жатқаны ерекше қуантады. Шеберлік сабақтар мен мерекелік концерт қатты ұнады. JAS FEST секілді фестивальдар қалада жиі өтіп тұрса екен», – деді қала тұрғыны Аяулым Шапенова.

Фестиваль аясында концерттік бағдарлама, шеберлік сабақтар және қаламыздың демалыс орталықтарының жәрмеңкесі ұйымдастырылды.

«Мұндай іс-шараға келуімнің басты мақсаты – тек концерт көру емес, сондай-ақ жаңа достар тауып, ортамызды кеңейту. Ұйымдастырушыларға үлкен алғысымды айтамын. Келесі жылы болса, тағы да келер едім», – деді жас алматылық Қуат Айтқалиев.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

САЯХАТ

ТУРИСТЕР ҮШІН
ТАРТЫМДЫ

Алматыда бұл салаға
бөлінетін инвестиция
2,5 есе өсті

Алматыда биылғы 1-тоқсанының қорытындысы бойынша мегаполисте туристердің жалпы саны 473 309 адамға жетті.

Бұл өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,6% көп. Шетелдік туристер саны 3,4% өсіп, 122,8 мың адамнан асты. Туристік салада жұмыспен қамтылған халық саны 2,6% артып, 80 838 адамға немесе Алматының еңбекке қабілетті халқының жалпы санының 7,4%-ына жетті. Сонымен қатар, 6 айда туризм саласына салынған инвестиция 2,5 есе өсіп, 45,2 млрд теңгені немесе негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы саны 6,3% болды. Осы саладағы салық түсімі екі есе өсті. Биыл 1-тоқсанында ол 21,7 млрд теңгеге жетті. Жергілікті бюджеттің салық кірістерінің жалпы көлеміндегі түсімнің үлесі 5,2%-ды көрсетті.

Көрсеткіштердің өсуі Алматының туристік дестинация ретіндегі тартымдылығының артқанын көрсетеді. Өз кезегінде туристік қызмет пен инфрақұрылымға сұраныстың артуы инвесторларды тартады, жаңа жұмыс орындарын құруға және сапалы қызмет көрсетуге жетелейді.

Мәселен, биыл маусым айында Алматы халықаралық әуежайының жолаушылар легін 14 млн адамға дейін ұлғайтқан жаңа терминал ашылды. Соңғы 5 жылда Алматыда 1375 нөмірлі 14 қонақүй ашылды, оның ішінде желілік деңгейдегі қонақүйлер (Hilton, Accor және InterContinental) бар. 2027 жылы нөмірлік қорды 1,5 есеге – 17 мың нөмірге дейін ұлғайту жоспарланып отыр.

Бетті әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді **aqshamnews.kz** сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 4 айға – 2144,48 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 4 айға – 5944,48 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 4 айға – 1344,48 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ЖАРНАМА

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ ҚР ЭК 96-бабының талаптарына сәйкес 2024 жылдың 19 қыркүйегінде, сағат 11.00-де Алматы қ., 7-көше, 130-үй мекенжайындағы «АлЭС» АҚ 2-ЖЭО аумағындағы химиялық цехтың акт залында (307-каб.) «Қоршаған ортаға әсерді барынша азайта отырып, Алматы 2-ЖЭО жаңғырту» жобасында қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулардың өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық <https://ecoportal.kz/> порталында, сондай-ақ Алматы қ. Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында танысуға болады.

Учаскенің географиялық координаттары – 43,2389 с.е. және 76.8490 ш.б. және әсер ету аймағының географиялық координаттары Алатау ауданы Код доступа 43.3004 с.е., 76.8353 ш.б.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ Алматы қ., Республика алаңы, 4 мекенжайы, +7 777 068 56 38 тел., u.priip@almaty.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша қабылданады.

Төтенше жағдайдың және (немесе) шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ның енгізілуі жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және Алматы қ. Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында ұсынылатын болады.

Онлайн қосылуға сілтеме:

<https://us05web.zoom.us/j/86583832930?pwd=Cai4pjN2uFLJAAUgerk13X0ZSCMKRI.1>

Конференция идентификаторы: 865 8383 2930

Рұқсат коды: 3ek0Tz

Бастамашының деректемелері: БСН 060640001713, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 7, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя, e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Әзірлеушінің деректемелері: «Институт «КазНИПИЭнергопром» АҚ, заңды мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даңғылы, 58 А, БСН 910840000078, байланыстағы тұлға: Нестерова Юлия, e-mail: u.nesterova@knp.kz, 8 701 210 98 00.

Қосымша ақпаратты zarzyukova@ales.kz электрондық мекенжайы және 8 (727) 254-03-27, 254-03-29 телефондары арқылы алуға болады.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы электр станциялары» АҚ ҚР ЭК 96-бабының талаптарына сәйкес 2024 жылдың 27 қыркүйегінде, сағат 11.00-де «Алматы қ., 7-көше, 130-үй мекенжайындағы 2-ЖЭО «АлЭС» АҚ аумағындағы химиялық цехтың акт залында (307-каб.) «Энергожөндеу» ӨЖК үшін «Рұқсат етілген шығарындылар нормативтерінің жобасы, Қалдықтарды басқару бағдарламасы және Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы» бойынша ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулардың өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық <https://ecoportal.kz/> порталында, сондай-ақ Алматы қ. Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында танысуға болады.

Учаскенің географиялық координаттары – 43,2389 с.е. және 76.8490 ш.б. және әсер ету аймағының географиялық координаттары Алатау ауданы – 43.3004 с.е., 76.8353 ш.б.

Барлық ескертулер мен ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ Алматы қ., Республика алаңы, 4 мекенжайы, +7 777 068 56 38 тел., u.priip@almaty.gov.kz электрондық мекенжайы бойынша қабылданады.

Төтенше жағдайдың және (немесе) шектеу іс-шараларының, оның ішінде карантиннің, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы ТЖ-ның енгізілуі жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме Бірыңғай экологиялық порталда және Алматы қ. Экология және қоршаған орта басқармасының сайтында ұсынылатын болады.

Ссылкаға онлайн қосылу:

<https://us05web.zoom.us/j/84551206945?pwd=5078kOjNrTgbvvC0q9bdMk9V7dpI3b.1>

Конференция идентификаторы: 845 5120 6945

Рұқсат коды: 5kbAvT

Бастамашының деректемелері: БСН 060640001713, Алматы қ., Медеу ауданы, Достық даңғылы, 7, байланыстағы тұлға: Арзюкова Зоя, e-mail: zarzyukova@ales.kz, 8 (727) 254-03-27, 254-03-29.

Әзірлеушінің деректемелері: «ЭКОСЕРВИС-С» ЖШС, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 202 А-үй, 408 пәтер, БСН 020140000105, байланыс тұлғасы: Айжан Серимбетова, тел.: 8 (727) 250-33-20.

Қосымша ақпаратты zarzyukova@ales.kz электрондық мекенжайы және 8 (727) 254-03-27, 254-03-29 телефондары арқылы алуға болады.

«Алматы қаласыны экология және қоршаған орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын қатты тұрмыстық қалдықтар нарығына қатысушыларды айқындау бойынша тендер өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы №508 бұйрығымен бекітілген коммуналдық қалдықтарды басқару Қағидаларының 37-тармағына сәйкес қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын қатты тұрмыстық қалдықтар нарығына қатысушыларды айқындау бойынша тендер өткізіледі.

Тендерге – коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер немесе заңды тұлғалар жіберіледі.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелері мына мекенжай бойынша беріледі: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, №412 кабинет.

Конверттерге мөрленген тендерге қатысуға өтінімдерді тендерге қатысушылар 15 (он бес) жұмыс күні ішінде «Алматы қаласы экология және қоршаған орта басқармасы» КММ-ге мына мекенжай бойынша ұсынады (жібереді): Алматы қаласы, Республика алаңы, 4.

Өтінімді берудің (жіберудің) соңғы мерзімі 2024 жылғы 6 қыркүйек, сағат 13.00-ге дейін.

Өтінімдерді тендерлік комиссия 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайтын болады.

Тендерлік комиссияның Уәкілетті төрағасы: А.Е.Әбдіқадыров.

Байланыс деректері: +7 702 066 22 55.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің жанындағы «Көмек» Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігі Ұлы Отан соғысының ардагері, қоғам қайраткері, ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болған, еліміздің дамуы мен өркендеуіне зор үлес қосқан

Шәңгерей Жәнібекұлы ЖӘНІБЕКОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты отбасына, туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі, Ұлы Отан соғысының ардагері

Шәңгерей Жәнібекұлы ЖӘНІБЕКОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –

Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –

Абдухалил ЖАЛИЛОВ

тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –

Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

тел.: 293-04-28.

Бас редактор –

Төрехан ДАНИЯР

тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –

Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –

Серік ЖҰМАБАЕВ

тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –

Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –

Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ

тел: 293-08-12. E-mail:

rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:

rekalatauaqparat@gmail.com

тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:

Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,

Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША

ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтаматына:

8 707 862 30 08,

8 777078 53 48

(Татьяна Титова, Логистика және өндіріс бөлімі) телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:

«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:

alatauaqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет,

сейсенбі және жұма күндері

шығарылады.

Нөмірдің таралымы –

10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –

Нұржамал ӘЛІШЕВА

Газет "Қазақстан Республикасы

Мәдениет және ақпарат

министрлігінің Ақпарат комитеті"

республикалық мемлекеттік

мекемесінде тіркелген.

Тіркеу туралы

№ KZ17VPY00085956

күәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер

орталығында теріліп, беттелді.

Суреттердің сапасына

редакция жауапты.

Жарнама мәтініне жарнама беруші

жауап береді.

Автордың мақалалары редакция

көзқарасын білдірмейді.

Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да

басылды. 050026, Алматы қаласы,

Мұқанов көшесі, 223 В.

Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00

Офсеттік басылым,

көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA»

әуе компаниясының бизнес-класс

бортында және «Жолаушылар

тасымалы» АҚ пойыздарындағы

жолаушыларға қолжетімді.



**Рая
ЕСКЕНДІР**

Мәселен, енді студенттер оқу ақысын төлеу үшін пайызсыз несие

несиені де алуларына болады. Міне, бұл да халық арасында

жоғары білімге деген қолжетімділікті арттырудың бір түрі.

Оған қоса, жыл соңына дейін «Келешек» жинақтау жүйесі іске

қосылмақшы. Бұл жастардың білім ақысын біртіндеп жинауына

мүмкіндік бермек.

Бұл ретте алғашында мемлекет бірінші салымды салып,

сосын жыл сайын 5—7% көлемінде сыйақы да тағайындалады.

Бұған қоса, қаңтар айынан бастап «Ұлттық қор – балаларға»

ұлттық жобасы басталды. Студенттер онда жиналған

қаржыны білім алуға жұмсай алады.



[www.instagram.com/
aqshamy.official](https://www.instagram.com/aqshamy.official)



[www.facebook.com/
aqshamy.official](https://www.facebook.com/aqshamy.official)



[www.youtube.com/channel/
UCkxM2xr1Chx68r1ggA](https://www.youtube.com/channel/UCkxM2xr1Chx68r1ggA)



[web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz](https://web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz)

СҮЙІНШІ!

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР»

жырының балаларға лайықталып, қарасөзбен жазылған нұсқасы
кітап болып басылып шықты

Жақында Астанадағы «Фолиант» баспасынан әйгілі «Қобыланды батыр» жырының балаларға лайықтап қарасөзбен әңгімеленген нұсқасы кітап болып басылып шықты. Әңгімелеуші – танымал қаламгер, Қазақстанның мәдениет қайраткері, Қазақ журналистикасының қайраткері Ақайдар Ысымұлы. Кітап суретші Динара Бугашева салған көркем суреттермен безендірілген.

«Қобыланды батыр» – қазақ халқының қаһармандық эпосы. Аса жоғары көркемдігі жағынан әлем халықтарының әйгілі батырлық дастандарының қатарында тұрған классикалық шығарма. Қобыланды батыр осы дастан арқылы халыққа

ертеден эпостық аңыз кейіпкер ретінде жақсы танымал. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезов «Қобыланды батыр» жырын ерлік дастандардың ішіндегі ең шоқтығы биік туынды деп бағалаған, 1943 жылы «Қара Қыпшақ Қобыланды» деген

пьеса да жазған. Бұл пьеса содан бері Алматыдағы М.Әуезов атындағы қазақ академиялық драма театрында тұрақты қойылып келеді.

«Қобыланды батыр» жырының «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын» сияқты эпостардан ерекшелігі – тек қазақ халқының әдеби рухани мұрасы болуы. «Алпамысты» өзбекте, «Ер Тарғынды» ноғайда өз дастаны санайды. Ал «Қобыланды батыр» жырына ортақтасқан емес. «Қобыландының зираты Ақтөбе облысының Ресеймен шекаралас Қобда ауданында, Жиренқопа ауылында. Оның рухы ел шебінде Отанын мәңгі қорғап тұр.

Қызылордалық ұрпақтары Алатаудан бес тонналық алып тас

жеткізіп, ол тасқа бұл жерде халқымыздың даңқты батыры Қобыланды жерленгенін әйгілейтін жазу жаздырып орнатты. Күмбездің жанында батыр қылышы мен найзасын қайрап алатын қайрақтасы жатыр. Ұлтымыздың бас батыры, түркі әлемі тәу еткен көрнекті тұлға Қобыланды батырдың жаңадан тұрғызылған кесенені 2007 жылы 7-8 қыркүйекте салтанатпен ашылды. Осы ізгі де игі іске талай зиялы азамат атсалысты. Бұл шара түркі жұрты үшін тарихи оқиға ретінде жалпыхалық деңгейде өткізілді. Батырға лайықты үлкен қошемет көрсетілді.

Сәрсенбек БЕКМҰРАТУЛЫ.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

КӨП ҰЗАМАЙ ТАРАЗЫ ТУАДЫ

Табиғатпен тел өскен малсақ қазақтың тәмсілі:

«Ем іздесең, Таразының шөбінен ізде...»



Тамыздың екінші жартысында – шөп қатаятын, гүл «қартайтын» Таразы туады... «Таразы туған түні шөп сабағы дәрі», «ем іздесең, таразының шөбінен ізде, жем іздесең, таразының шөбін күзе» деген тамаша тәмсіл бар.

көрініп, көкжиекті ерекше жарық етіп тұратын үлкен жұлдызды Шолпан жұлдызы деп атаған. Қазақ таныған жұлдыздардың ішінде ең көп есімге ие болғаны осы Шолпан жұлдызы. Бұл жұлдыздың «алтын жұлдыз», «таңшолпан», «керуен жұлдыз», «таңсөгер», «таңтанба», «шопан жұлдыз», «малшы жұлдыз», т.б. деген де атаулары болған. Тамыз айында, өткен жолы айтқанымыздай, бірқатар амал болды, жұлдыздар туды. Шілде өткесін Шолпан жұлдыз таң алдында шығыстан жарқырап туса, күз жиын-терімге қолайлы, қыс шаруаға жайлы болады деген бұрыннан келе жатқан болжам бар.

Шолпан жұлдызы мен Таңшолпан жұлдызының қатар туғанын көрген адам жеті атасына дейін бақытты, таусылмас дәулетті, мол ырзықты болады, ұзақ өмір сүреді деген ырым-жорамалымыз да жоқ емес. Бұл екі жұлдызды таңмен таласа оянған қыз бен жігіт қатар көрсе, екі дүниеде бір-біріне ғашық болып, араларына жамандық кірмей, ұрпақты, ғұмырлы болады деп есептеген... «Қазықұрттың басында кеме қалған, болмаса ол әулие неге қалған?..» демекші, киесі, әулиелігі болмаса бұл жыр жолдары пәленбай ғасырдан бері неге айтылып келеді?! Сол сияқты, жоғарыдағы жұлдыздар туралы әңгіме-болжамдар да бір негізге сүйеніп айтылса керек.

Қазақ есепшілері таразы жұлдызын кейде «арқар жұлдызы», «үш арқар жұлдызы», «шідер жұлдызы» деген жанама аттармен де атап келгені анық. Таразы жұлдызы көктем мезгілі кезінде үркер шоқ жұлдызы жерге түсуден жиырма күн бұрын көкжиектен көрінбей батып кетеді де, күн жүйесінің ар жағына тасаланып, жасырынып қалады. Сосын үркер шоқ жұлдызы жерге түсіп қырық күн шілде толғанда аспаннан қайта көтеріледі. Осыдан жиырма күн өткен соң аспанда таразы жұлдызы туады. Яғни сексен күн таразы жұлдызы жердегі адамның көзіне көрінбей аспан қойнауындағы күн қолтығында жасырынып жатады. Мұны қазақ үркер шоқ жұлдызы аспандағы ұясында күн нұрына шомылып, қырық күн дем алса, таразы жұлдызы аспан ұясында жатып сексен күн күн нұрына шомылып тынығады деп есептейді.

● БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫНА
ҚАРАП ЖАСАЛҒАН
ЖОРАМАЛ:

- * Ертеңгі күн құлақтанса, еліңді жау шапқандай қорық, кешкі күн құлақтанса, келінің ұл тапқандай қуан.
- * Ай бұлыңғыр болса жаңбыр жауатынын, ашық болса шуақты болатынын білдіргені.
- * Жазда құйын көп болса, қыс аязды болды.
- * Жаз найзағайлы болса, қыс жайлы болады.
- * Күзде тышқан биікке шығып шықылдаса, ұзамай қар жауады.
- * Жылан мезгілінде ұйықтамаса, күз ұзақ әрі жылы болады.
- * Аққу солтүстіктен оңтүстікке қарай кеш қайтса, күз әрі ұзақ, әрі жайлы болмақ.

КАРИКАТУРА СӨЙЛЕСІН



Карикатураны салған Ғалым СМАҒҰЛҰЛЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 528,82 теңге

\$ USD/KZT 479,83 теңге

₽ RUB/KZT 5,39 теңге

¥ CNY/KZT 67,22 теңге